

Әділетті Қазақстан

Отан қорғау –
әрбір азамат үшін
биік мәртебе.
Сондай-ақ, бұл –
туған елдің,
болашақ ұрпақтың
алдындағы үлкен
жауапкершілік.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



БІЗ БАТЫР ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ

3

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН



АНТҚА АДАЛДЫҚ

4

ЗЕРДЕ



ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.05.2023

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

7.05.2023

Түнде:



+6+8 °C

Күн ашық.

Күндіз:



+18+20 °C

Күн ашық.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №57 (6350) 6 мамыр, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР –

мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САЛТАНАТҚА ТОЛЫ КҮН

Алматыда Отан қорғаушылар күні
қалай мерекеленеді?



7 мамыр, сағат 11.00-де Отан қорғаушылар күнін мерекелеу аясында 28 панфиловшы-гвардияшылар атындағы саябақта мерекелік концерт пен әскери қызметшілерді марапаттау рәсімі өтеді.

9

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысының төрағалығымен Бүкілармиялық кеңес отырысы өтті.
- Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Президентінің атынан мемлекеттік наградаларды табыс етті.
- 9 мамырда қаладағы Данқ мемориалына – Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.
- Қала әкімдігі 50 мың «Жеңіс лентасын» таратуды ұйымдастырады.
- Жеңіс күніне орай жалпы сомасы 975,4 млн теңгенің әлеуметтік төлемдерін 13 290 алматылық алатын болады.
- Алматыда әрбір ҰОС ардагеріне 1 миллион 500 мың теңге беріледі.
- ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға 100 мың теңгеден біржолғы төлем қарастырылған.
- Елімізде Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің электронды базасы жасалды.
- Қалада 8 мамырда Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне орай веложарыс өтеді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық өзара іс-қимыл туралы Декларацияға қол қойды.

Барлығы 25 бағдар белгіленген Декларация арқылы Тараптар сан салалы және көпқырлы байланыстарды неғұрлым жоғары деңгейге шығаруды көздейтін одақтастық өзара іс-қимылды орнататынын, тәуелсіздікті, мемлекеттік егемендікті, аумақтық тұтастықты нығайту мақсатында мүдделер мен тең құқықтылықты өзара ескеру негізінде одақтастық өзара іс-қимылды жолға қоюға, сондай-ақ екі мемлекеттің стратегиялық әріптестігі мен одақтастық өзара іс-қимылына нұқсан келтіретін кез келген әрекеттен қалыс қалуға ниетті екендіктерін, саяси, экономикалық, инвестициялық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық, әскери және әскери-техникалық салалардағы ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға дайын екенін мәлімдеді.

Тарихи құжатта Арал теңізі бассейніндегі экологиялық дағдарысты еңсеруге және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған бірлескен бастамалар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша өңір елдерінің өзара іс-қимылын тереңдету үшін Орталық Азияның су-экологиялық проблемаларын шешудегі жалғыз өңірлік институционалдық алаң болып табылатын Халықаралық Аралды құтқару қорының маңызды рөлі расталған.

■ СЕНАТ

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары республикалық маңызы бар қалалар мен облыстық мәслихаттардың депутаттарымен кездесіп, білім беру және еңбек саласын дамыту мәселелерін талқылады.

Комитет төрағасы Нұртөре Жүсіп қазіргі жағдайда жастарды оқыту мен жұмысқа орналастырудың проблемалық мәселелері жаңа сипатта, оның ішінде заңнамалық деңгейде шешілуі тиіс екенін атап өтті. Шара қорытындысы бойынша қатысушылар білім беру және жұмысқа орналастыру саласын одан әрі жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстар мен бастамалар әзірледі, олар кейіннен депутаттардың заң шығару қызметінде пайдаланылатын болады.

■ МӘЖІЛІС

Депутаттар ТМД елдері арасындағы жсалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі келісімді және Кеен одағының аумағындағы еркін экономикалық аймақтар жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялады.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті «Қазақстандағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасын және кейбір заңнамалық актілерге, соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жұмысқа алды. Жалпы отырыс соңында депутаттар жауапты органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша депутаттық сауалдарын жолдады.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайылов пен TAV Airports холдингінің президенті Серкан Каптан авиация саласындағы ынтымақтастық және Қазақстанның көлік-логистикалық әлеуетін дамыту мәселелерін талқылады.

Премьер-Министр TAV Airports Холдингінің Алматыдағы жаңа халықаралық терминал құрылысы бойынша ірі инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыруға қатысуы маңызды деп атап өтті. «Бұл – Орталық Азиядағы ең ірі әуежайлардың бірі әрі стратегиялық маңызы зор. Жаңа терминал құрылысы жолаушылар тасымалын айтарлықтай арттырып, ұшу географиясын кеңейтеді және мегаполис тұрғындары мен қонақтарына жоғары деңгейдегі жайлы қызмет көрсетеді деп күтеміз», – деді Премьер-Министр.

Серкан Каптан компанияның Қазақстандағы қызметі мен өндірістік мәселелері жайлы, сонымен қатар еліміздегі басқа да жобаларға қатысуды жоспарлап отырғанын айтты. «Біз үшін Алматы әуежайы маңызды жобалардың бірі, өйткені ол Орталық Азияның қарқынды орналасқан және қала үшін де, бүкіл Қазақстан үшін де маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз оны мүмкіндігінше тезірек дамытуға тырысамыз. Жаңа терминал келер жылы жұмыс істей бастайды деп үміттенеміз», – деді ол.

■ АВТОКӨЛІК: ЗАҢДАСТЫРУ

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында қазақстандықтарға 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстанға әкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыруға мүмкіндік берілгені белгілі. Алайда, елге қосалқы бөлшектер ретінде әкелінген көлік иелері ресми тіркеу құжаттарының жоқтығынан қиындықтарға тап болған еді.

Енді Қазақстанда конструктор-автокөліктерді заңдастыруға рұқсат етілді. Үкімет бұл мәселені шешу үшін азаматтарға конструктор-автокөліктерді заңдастыруға және бастапқы тіркеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тиісті ережелерге өзгерістер енгізді. Мұндай көлік құралдарын бастапқы тіркеу үшін алым мөлшерлемесі 200 мың теңгені құрайды. Тіркелу үшін: өтініш, ішкі істер органдарының уәкілетті қызметкері берген көлік құралын тексеріп-қарау актісі және техникалық тексеріп-қараудың диагностикалық картасы болуы қажет. Автокөліктерді заңдастыру үшін өтінімдерді eGov қызметтері және екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы беруге болады.

Айта кету керек, елімізге қосалқы бөлшектер түрімен әкелінген және кедендік тазартудан өтпеген автокөлікті тіркеу кезінде меншік құқығын өзгертуге тыйым салу және тек ел аумағында пайдалануға рұқсат беру туралы жазба көрсетіледі. ҚР Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, акция басталғалы республика бойынша 107 мыңнан астам көлік заңдастырылған. Сонымен қатар, 14 мыңға жуық конструктор-автокөлік анықталған.

■ ҚАУІПСІЗДІК

Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен Үкіметте өткен кеңесте білім беру объектілерінің қауіпсіздігі және кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балабақшаларды, мектептерді және басқа да оқу орындарын Шұғыл әрекет ету басқармасының орталығына қосылған бақылау камераларымен, дабыл түймелерімен, сондай-ақ лицензияланған күзетпен қамтамасыз ету процесі жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталуы тиіс. Білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқушылар мен персонал саны 100 адамнан асатын оқу орындары бейнебақылаумен және ескерту жүйесімен жабдықталуға тиіс, 300-ден 700-ге адамға дейін – Шұғыл әрекет ету басқарма орталығына қосылған дабыл түймелері мен камералары болуы тиіс, ал 700-ден астам адамға лицензияланған күзет агенттіктері қызмет көрсетуі тиіс. «Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. 1 қыркүйекке дейін барлық өңір оқу орындарын техникамен қамтамасыз етіп, қажетті шарттар жасалуы тиіс. Балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік білім беру мекемелерінің басшыларына жүктелуі тиіс. Бұл шаралар тексеруші органдар үшін енгізілмейді. Олар балалардың мүддесін ескеріп, оларды қорғауға бағытталған», – деп атап өтті Алтай Көлгінов.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ АҚОРДА

ТАРИХИ САПАР, ҚҰНДЫ ҚҰЖАТ

Одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияға қол қойылды



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Тараптар шағын және кеңейтілген құрамда екіжақты келіссөздер өткізді.

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонға ілтипат білдіре отырып, Тәжікстан Қазақстанның сенімді стратегиялық серіктесі, сондай-ақ бауырлас әрі жақын мемлекет екенін атап өтті.

– Бізді ежелден ортақ тарих, мәдени және рухани құндылықтар тығыз байланыстырады. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығында Одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияға қол қойып отырмыз. Мұның символдық мәні бар. Бұл құжат өте маңызды әрі болашаққа арналған. Сондай-ақ, біздің мемлекеттеріміздің ұлттық мүдделеріне толық сай келеді. Бұл бағытта аразыда ешқандай күмәнді мәселе жоқ. Қазақстан мен Тәжікстан сауда-экономикалық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді. Ұзақ жылдардан бері Қазақстан–Тәжікстанның екінші ірі сауда серіктесі. Тек бытырдың өзінде екіжақты сауда айналымы 18,5 пайызға артып, 1,4 миллиард доллара жетті. Қазіргі жағдайда бұл – жақсы нәтиже. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы,

көлік және басқа да салалардағы бірқатар экономикалық жоба жүзеге асырылу сатысында тұр. Сіздің сапарыңыз аясында экономиканың түрлі секторындағы өзара іс-әрекетті одан әрі кеңейтуге бағытталған жаңа келісімдердің маңызды топтамасына қол қойылады, – деді Президент.

САУДА КӨЛЕМІН ЕКІ МИЛЛИАРД ДОЛЛАРҒА АРТТЫРУҒА МҮМКІНДІК БАР

Келіссөздер барысында қазақ-тәжік ынтымақтастығын одан әрі дамыту перспективалары талқыланды. Сондай-ақ, сауда-экономикалық, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көлік салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды. Ең бастысы, сауда көлемін екі миллиард долларға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Екі ел үкіметтері осы келісім-шарттардың орындалуын мұқият қадағалап отыруға тиіс.

Эмомали Рахмон Қазақстанға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Тәжікстан мен Қазақстан –

ҚАЗАҚСТАН – ТӘЖІКСТАН: сауда-экономикалық ынтымақтастық

- Былтыр екі елдің тауар айналымы 1,4 миллиард долларға жетті.
- Тараптар өзара сауда-саттықты кем дегенде екі миллиард долларға дейін арттыру үшін қосымша қажетті шаралар қабылдауға уағдаласты.
- Қазақстандық өндірушілер Тәжікстанға жалпы көлемі 140 миллион доллардан асатын 60 тауар түрі бойынша өз экспортын ұлғайтуға дайын.
- Қазақ-тәжік бизнес-форумы барысында жалпы сомасы 1,8 миллиард доллар болатын келісім-шарттарға қол қойылды.
- Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық өзара іс-қимыл туралы Декларация қабылданды.
- Өткен жылы екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар айналымы 500 миллион доллардан асты.
- Қазақстан – Тәжікстанға үлкен көлемде бидай мен ұн жеткізетін елдің бірі. Бұл ретте өсімдік майлары, макарон, сүт өнімдері және кондитерлік өнім түрлері бойынша экспортты ұлғайту үшін резерв жеткілікті.
- Қазақстан Тәжікстаннан жеміс, көкөніс өнімдерін жүйелі түрде импорттауға мүдделі. Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты жандандыру жөніндегі 2025 жылға дейінгі жол картасына қол қойылды.

стратегиялық серіктестер. Қарым-қатынасымыз тұрақты түрде дамып келеді. Біз оны одан әрі нығайтуға баса мән береміз. Қазақстан бүгінде басты сауда серіктестеріміздің арасында екінші орында. Былтыр тауар айналымының өсімі 20 пайыздан асты. Біз басқа салаларда да қарқынды диалог жүргіземіз. Сізбен елдеріміздің әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын, сондай-ақ халықаралық және өңірлік мәселелерді талқылауға дайынмын. Сізге алдағы уақытта бауырлас Қазақстанның дамуына бағытталған реформаларды жүзеге асыруда табыс тілеймін. Біз тұрақты байланыстар мен жоғары деңгейдегі ұзақмерзімді саяси диалогтың игі дәстүрлерін сақтап, одан әрі кеңейтеміз. Мен достық қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймын, – деді Тәжікстан Президенті.

Эмомали РАХМОН:

БІЗ ҚАЗАҚСТАНМЕН ЕШІР ШЕКТЕУСІЗ, БАРЛЫҚ САЛАДА ҰНТЫМАҚТАСУҒА ДАЙЫНБЫЗ

«Қазақстан – Тәжікстанның әсетекші серіктесі. Мен қабылданған Одақтастардың өзара іс-қимылы туралы декларацияның тарихи маңызын ерекше атап өткім келеді. Бұл біздің ынтымақтастығымызды нығайтуға кең жол ашады. Біз Қазақстанмен ешбір шектеусіз барлық салада ынтымақтасуға дайынбыз».

ҚАЖЕТТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА, МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен өткен кеңейтілген келіссөзде Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, соның ішінде өзара тауар айналымын арттыруға, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және цифрландыру салаларындағы қатынастарды дамытуға баса мән берді.

– Біз Орталық Азияның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, бірнеше халықаралық құрылым аясында өзара іс-әрекет жүргіземіз. Екі ел арасында түрлі сала бойынша 100-ден аса келісім-шарттан тұратын қажетті келісім-шарттық – құқықтық база бар, – деді Президент. Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-тәжік қатынастарының ерекше саласы саналатын мәдени-гуманитарлық байланыстар дәйекті түрде нығайып келеді. Бұл – ынтымақтастықтың маңызды бағыты. Орта ғасырдағы әйгілі ғұлама, философ әрі шинагер Әбу Әли ибн Синаның ескерткішін ашу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге мемлекеттік сапармен келген тәжік халқының жалпыұлттық көшбасшысының айрықша еңбегіне тоқталып, Қазақстан мен Тәжікстанның бауырлас халықтары арасындағы достықты, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға Эмомали Рахмонның қосқан үлесін атап өтіп, мәртебелі мейманға Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденін табыс етті.


Келіссөздер нәтижесінде бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Шағын және кеңейтілген құрамда өткен екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін брифинг өткізді.



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

БІЗ БАТЫР ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫМЫЗ

Отанымыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы

Президент мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты

Қазақ – даңқты тарихын ат тұяғымен жазған халық

Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Отан қорғаушы және Жеңіс күнімен құттықтап, жыл сайын қатар атап өтілетін қос мереке Отан үшін от кешкен аға буын мен егемен елдің сарбаздары арасындағы сабақтастықты білдіретініне назар аударды.

– Қазақ – даңқты тарихын ат тұяғымен жазған халық. Біз ұлан-ғайыр жерін жауға бастырмаған батыр елдің ұрпағымыз. Алапат соғыста жеңіске жеткен қаһарман ерлердің ізбасарымыз. Қазір еліміздің күштік құрылымдары Қазақстанның қауіпсіздігін қас қақпай күзетіп тұр. Отанымыздың іргесі берік болуын қамтамасыз ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Сондай-ақ, өмір жолын әскери қызметке арнаған мамандардың кәсіби міндеті. Қазақстан – бейбіт мемлекет. Біз барлық елдермен достық қатынас орнаттық. Мемлекеттер арасындағы кез келген мәселені бейбіт жолмен шешу керек деп санаймыз. Дегенмен, қамсыз отыруға болмайды. Барлық жағдайға сақадай сай болуымыз айрықша маңызды. Еліміздің қорғаныс және қауіпсіздік саласын күшейту – басты міндеттің бірі, – деді Мемлекет басшысы.



Антқа адал болу – парыз әрі зор мәртебе

Президент мемлекеттің қорғаныс қабілетін күшейту, ұлттық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету еліміздің мызғымас басымдықтары екенін атап өтті.

– Мемлекет күштік құрылымдарға көрсетілетін қолдауды дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Инфрақұрылым, материалдық-техникалық тұрғыда жабдықтау мәселелері кезең-кезеңмен жақсарып, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктер артып келеді. Әскери қызметшілер, арнаулы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, күштік құрылымдардың ардагерлері әрдайым мемлекеттің көмегі мен қамқорлығына сенуіне болады. Отан қорғау – әрбір азамат үшін биік мәртебе. Сондай-ақ, бұл – туған елдің, болашақ ұрпақтың алдындағы үлкен жауапкершілік. Сіздер еліміздегі бейбіт өмірді, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Өз ісінің

нағыз шебері атанып, мінсіз қызмет атқарып келесіздер. Ортамызда антына адал болып, ел қауіпсіздігі үшін басын қатерге тіккен бейбіт күннің батырлары бар. Олардың ерлігі, шын мәнінде, барша халыққа, әсіресе, жастарға үлгі-өнеге, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорытындылай келе, ел тыныштығын, мемлекет қауіпсіздігін қорғауға атсалысып жүрген барша азаматқа алғыс айтты. Ерлігімен және еңбегімен дара шыққан бірқатар азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады. Сондай-ақ, әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды. «Құрметті офицерлер мен сарбаздар! Марапаттарыңыз бен атақ-шендеріңіз құтты болсын! Антқа адал болып, мемлекетіміз үшін, халқымыз үшін қызмет етейік. Бұл – парыз әрі зор мәртебе», – деді Президент сөзінің соңында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘКІМ

ОТАН ҚОРҒАУ – ЕРГЕ СЕРТ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ҚР Президентінің атынан мемлекеттік наградалар табыстады

Кеше шаһар басшысы Ерболат Досаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Алматы қаласының құқық қорғау органдарының еңбек сіңірген өкілдерін әскери және қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге қосқан үлесі, сонымен қатар, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтқаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

II дәрежелі «Айбын» орденімен Алматы қаласы прокуратура-рының аға көмекшісі – Алматы қаласы прокуратурасының экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуын қадағалау тобының басшысы Айсбеков Сахи Қайратұлы және Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Ержан Сағынжанұлы Ұзабаев марапатталды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мұрат Қыдырәліұлы Оспанов «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін кеудесіне тақты.

● ӘЛЕУМЕТ

Жеңіс күнінің 78 жылдығын мерекелеу қарсаңында қаланың әлеуметтік қызметтері ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарға қолдау көрсету іс-шараларына шолу жасады.



БІЗ АРДАГЕРЛЕР ЖАНЫНАН ТАБЫЛАМЫЗ

Алматыда ҰОС ардагерлеріне қандай қолдау көрсетіледі?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен өткен жылдан бастап ҰОС ардагерлері келесі бағыттар бойынша тегін медициналық көмек алуда: жалпы практика дәрігерлері мен нақтылы мамандардың кеңейтілген тексеруі; жалпы клиникалық талдауларды алу; көрсеткіштер бойынша тексеру, оның ішінде ЭКГ, УДЗ, КТ және МРТ; стационарда оңалту, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу; стоматологиялық көмек.

Биылғы жыл басынан бері 4 ай ішінде ТМҚКК және МӘМС аясында ҰОС-ның 3243 қатысушысы және оларға теңестірілген адамдар кеңейтілген медициналық тексеруден өтті. Жыл соңына дейін осы санаттағы алматылықтардың 100%-ы кеңейтілген медициналық тексеруден өтеді.

Жүре алмайтын барлық наукасты ай сайын учаскелік дәрігерлер немесе медбикелер тексереді. Дәрі-дәрмектерді үйіне тегін жеткізіп тұрады. Жыл соңына дейін өздігінен жүре алмайтын 3900-ден астам пациент үйінде толық медициналық тексеруден өтеді.

Стоматологиялық көмек, оның ішінде тісті протездеу бойынша биылдан бастап 673 пациентке көрсетілді. Осы мақсаттар үшін ҰОС ардагерлерінің қалалық емханасына 2023 жылға Алматы бюджетінен 27 млн теңге бөлінді.

Барлық медициналық ұйымда ҰОС ардагерлеріне және оларға теңестірілген адамдарға үнемі естелік сыйлықтар мен азық-түлік себеттері тапсырылады.

Сондай-ақ, Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша әлеуметтік қызметтің мамандары ардагерлерді тұрақты аралайды, соның нәтижесінде оларға қандай көмектер

қажет екенін анықтап, мәселен, үйін жөндеп беруге, тұрмыстық құрылғыларды алуға көмектеседі. Зангерлік көмектер де беріледі.

Атап айтсақ, Наурызбай ауданында тұратын ардагеріміздің кіреберісінің ағаш терезелері жаңасына ауыстырылып, есігінің алдына жаңадан асфальт төселді. Алатау ауданының ардагерінің үйіне 1,5 млн теңгеге су құбыры мен көріз желісі тартылды.

Аға буын алматылықтардың өмір сүру сапасы мен ұзақтығын жүйелі түрде арттыру үшін мегаполисте 50 мыңнан астам адамға тегін әлеуметтік қызмет көрсететін белсенді ұзақ өмір сүрудің 9 орталығы жұмыс істейді. Биыл осындай тағы бір орталық ашу жоспарлануда.

Биыл қалалық мәслихат депутаттарының шешімімен ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарға біржолғы көмек сомасын ұлғайту мақұлданды.

«Өкінішке орай, соғыс ардагерлері азайып барады. Алматыда 56 ардагер тұрады. Мен олардың барлығы өз мерекелерін аман-есен қарсы алғанын қалаймын және біз оларды құттықтауға мүмкіндік алдық. Біз әрбір ҰОС ардагеріне миллион теңгеден төлеуді жоспарладық, депутаттардан оларға 1,5 млн теңгеден төлеу үшін тағы бес жүз мың теңге қосуды сұрадым», – деді қала әкімі атаулы күнге төлем сомасын ұлғайту бастамасына түсініктеме бергенде. Біржолғы әлеуметтік көмектің жалпы сомасы 85,5 млн теңгені құрайды. ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға да 100 мың теңгеден біржолғы төлемдер қарастырылған. Еңбек майданының қатысушылары, ҰОС қатысқан бірақ қайтыс болған ардагерлер мен мүгедектердің әйелдері 50 мың теңгеден алады.

Жеңіс күніне орай жалпы сомасы 975,4 млн теңгенің әлеуметтік төлемдерін 13 290 алматылық алатын болады.



● ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

АНТҚА АДАЛДЫҚ

Отан қорғаушыға тән басты қасиет



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Әскери салада бірнеше қызмет түрі бар. Бірақ мақсаты біреу ғана. Ол – Отан шебін қорғау, ел тыныштығын күзету. Қайсысы болсын мықты жігер мен тәуекелді талап ететін әмбебап ұлттық әскеріміздің тарихы да әріде жатыр. Сарбаздарымыз бабалардан қалған жауынгерлік дәстүрді берік ұстанып, ел қауіпсіздігіне жауап береді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Бауыржан Момышұлы атындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы 5571 әскери бөліміне барып, қатардағы жауынгерлердің тыныс-тіршілігімен танысқан едік. Бұл – Ұлттық Ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығындағы жедел мақсаттағы бірден-бір әскери бөлім. Жеке құрам Ішкі істер органдарымен бірге қоғамдық тәртіпті сақтау үшін Алматы қаласында патрульдік-бекеттік қызмет атқарады. Қалада өтетін бұқаралық, қоғамдық, мерекелік және спорттық шаралар кезінде тәртіпті қадағалайды. Бөлімнің арнайы құрамы өздеріне жүктелген міндетті қалада ғана емес, қажет болғанда елдің басқа елдімекендерінде де абыроймен атқарып келеді.

Ақыл мен ептілікті, шыдамдылықты бойына сіңірген сарбаздың әскери дайындығы мықты болуы керек. Біз әскери бөлімшеге барған күні көше сақшыларының әскери дайындығына тап келдік. Ұлттық ұлан сарбаздарының кезекші жасағы қала тыныштығын қадағалау мақсатында қызметке аттанайын деп жатыр екен.

Мерзімді әскери қызметін атқарған сарбаздардың арасында әскери өмірді тандап, әрі қарай келісім-шарт бойынша қалатындар аз емес. Олардың айтуынша, әскери өмір алғашқы күннен бастап адамды өзгертеді, батылдық пен шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Алматы үлкейген сайын қоғамдық тәртіпті қадағалау міндеті де ауырлай түсетіні анық. Осы орайда Ұлттық ұлан сарбаздарының ерен еңбегі барын біреу білсе, бірі білмейді. Аталмыш әскери бөлімнің барлық сарбазы күніне 6 сағат бойы қала тыныштығын күзетуге шығады.

Есет ОРАЗАЛЫҰЛЫ,
батальон командирі:

Бағдарымыз – ел қамы



тағайындаймыз. Ішкі істер органымен бірлесіп, жауынгерлік қызмет атқарамыз. 7552 әскери бөлім сотталғандарды ауданаралық сотқа, әскери сотқа апарады. Қаладан

«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында жалпы 10 әскери бөлім бар. Әр бөлім жеке-жеке қызмет етеді. Бірі қаладағы қоғамдық тәртіпті қадағаласа, бірі сотталғандарды тасымалдайды. Басқа да әскери бөлімдер өз міндетін ішкі тәртіпке сай ұйымдастырады. 5571 әскери бөлімінің әскери қызметкерлерін аудандардағы тыныштықты сақтауға

қалаға тасымалдайды. Арнайы қарауыл тағайындалып, теміржол қарауылымен сотталғандарды қажет жерге жеткізіп отырады. Мемлекеттік маңызды мекемелерді күзетеді. Тағы да басқа міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

3660 әскери бөлімі түзеу мекемесін қорғайды. Мұнда арнайы жасақты тағайындарда сарбаздың моральдық, психологиялық жағдайына мән беріледі. Әр сарбазды оқу пунктін кезінде дайындаймыз. Ең бастысы – жауаптылық болуы шарт. Мінез-құлқына байланысты қорытынды жасалып, қызметке тайындалады. Әрбір әскери қызметкер қызмет атқару барысында өзін жақсы жағынан көрсетсе, айдың аяғында дәрежесін көтеріп, алғыс жариялап отырамыз.

Биыл Ұлттық ұланның құрылғанына 31 жыл болды. Осы аралықта ұлттық әскеріміз айтарлықтай жетістікке жетті деп санаймын. Өзімнің әскери салаға келгеніме 18 жыл болды. Осы мүмкіндікті пайдаланып, «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы және Ұлттық Ұлан сарбаздарын, барша Отан қорғаушыларды келе жатқан мерекемен құттықтаймын! Ел алдындағы міндетті адал орындайық дегім келеді.

Асхат САЙРАНБАЕВ,
батальон командирінің техникалық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары, капитан:

Қауіпсіздік кепілі



метке шыққанда жеке құрамды аталған орынға оқыс оқиғасыз жеткізу және көлік жүргізушілерінің арнайы дайындығын нығайту. Мен қару-жарақтардың сақталуына және дұрыс қолданылуына жауап беремін. 10 жылдан бері

Әскерде техника ең маңызды құрал болып саналады. Оны күтіп ұстау әскери қызметкерлердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етеді. Әскери дайындықтың көбі техникалық құралдармен жүзеге асады.

Басты міндет – батальон жеке құрамын техника және материалдық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, қызметке шыққанда жеке құрамды аталған орынға оқыс оқиғасыз жеткізу және көлік жүргізушілерінің арнайы дайындығын нығайту. Мен қару-жарақтардың сақталуына және дұрыс қолданылуына жауап беремін. 10 жылдан бері

әскери салада қызмет етемін. Отан қорғау тек қана әскери қызметпен шектелмейді. Әрбір қазақстандықтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік міндетті түрде болуы керек. «Отан – отбасынан басталады» дейді ғой. Адам отбасын қалай жақсы көрсе, Отанын да солай жақсы көруге тиіс.





АЙБЫН

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Білекті, жүректі жауынгерлер – біздің қорғанымыз



«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдерде соңғы жылдары ерлігімен көзге түскен сарбаздар көбейген. Қалада болған оқыс оқиғаларда тұрғындарды құтқарып қалғандар түрлі дәрежедегі марапатқа ие болады. Солардың бірі – ефрейтор Асхат. Ол 2021 жылы Ұлттық ұланның 5571 әскери бөліміне әскери борышын өтеуге шақырылған. 6 айдан кейін әскери қызметін атқару барысында елдегі қаңтар оқиғасы кезінде ел тыныштығына жауапты сарбаздар қатарында болыпты.

Асхат ЕРБОЛУЛЫ, ефрейтор, Б.Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімінің мәдени демалыс орталығының маман технигі:



тар оқиғасы кезінде мемлекеттің тыныштығын 700-ге жуық сарбаз қорғады. 5571 бөлім Ұлттық Ұлан бойынша 1-бригада болғандықтан, осы бөлімнен көп сарбаз жіберілді.

Қызметте жүрген кезде бейбіт тұрғындарды құтқарып қалған жағдайлар жиі кездеседі. Мәселен, былтыр Ботаникалық саябақтағы қолдан жасалған кішігірім өзенге құлап кеткен кішкентай қызды құтқарып алдық. Біздің арнайы жасақ құрама командирден Алғыс хат алды. Жылдық

Әскери өмір баспалдағы

демалысқа жіберді. Ерлік көрсеткен сарбаздарға осындай жеңілдік беріп тұрады.

Әскери өмір мен әскерден тыс өмірді салыстырып қарасақ, екеуі екі түрлі деп айтар едім. Болашағымды тек осы әскери саламен ғана байланыстырамын. Әскери қызметке келген адамның жауапкершілігі бөлек болады. Сап түзеп, саптық алаңда жүргеннің өзі ерекше әсер қалдырады. Әскерге келген алғашқы күннен бастап өте белсенді сарбаз болдым. Ант қабылдаған кезде мені трибунаға шығарды. Сол кезде мүмкіндікті пайдаланып, сарбаздарға күш беріп, рухты сөздер айттым. Құрама командирі маған бірден ефрейтор шенін берді. Ефрейтор көбіне қызметте ерлік көрсеткен сарбаздарға беріледі. Маршрут арқылы кезекшілікке шығамыз. Маршрутты ешқандай оқыс оқиғасыз өткізуіміз керек. Егер маршрутта оқыс оқиға байқасақ, кінәліні құрықтап, полиция қызметкерлеріне оқиғаның қалай болғанын баяндаймыз.

Нұрғали АЛДАБЕРГЕН, қатардағы патрульші:



Азаматтық парыз

Әскери борышымды өтеуге былтыр келдім. Бас кезінде аздап қиын болғанымен, артынан әскери тәртіпке үйреніп кеттім. Оқу-жаттығу, әскери дайындықпен бір күніміз де бос өтпейді.

Біздің 3-батальонда 2 рота бар. Медеу және Түрксіб ауданының тыныштығын күзетуге шығамыз. Үш сарбаздан жүріп аудан тыныштығын қадағалаймыз. Дүйсенбі, бейсенбі күндері сабақ болады. Күніміз таңғы 6-да басталады. Жуынуға, тамаққа, оқуға күнделікті тәртіп бойынша сап түзеп, кезекпен барамыз. Әскери ішкі тәртіп арқылы сарбазды өзіне-өзі жауап беруге үйретеді. Отан қорғау – әр азаматтың борышы деп білемін.

ЧЕРКАСОВ Даниил Юрьевич – ҚР Ұлттық ұланның Алматыдағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 7552 әскери бөлімінде жанар-жағар май қызметінің басшысы, аға лейтенант. 25 жаста. Оны көрген адам бірден орысша тіл қатады. Ал ол жылы жымыяды да, қазақша жауап береді. Себебі, ол таза қазақша сөйлейді.



– Даниил, бүгінде әскер туралы сөз болғанда сыни пікірлер көп айтылады. Бұл тұрғыда не айтар едіңіз?

– Мен взвод командирі болдым. Қазіргім – екінші әскери бөлімім. Қарамағымызда қаншама сарбаз, ұлан бар. Бізде ешбір келеңсіз оқиға тіркелген емес. Ал әлеуметтік желілерде жарияланып қалатын кейбір видеожазбалардың ақ-қарасын нақты айыра алмай жатамыз.

Өмір болған соң түрлі адам, түрлі мінез, түрлі көзқарас бар. Әскер қатарына қабылданған бозбалаларды келген күннен бастап көзден таса етпейміз. Ата-анасының жанынан енді ғана ұзап, отбасылық комфорттан шыққан балаларды бірден әскери өмірге салып кеп жібермейміз, олар алдымен әскери ортаға бейімделу курсынан өтеді. Жалпы, ауылдан шыққан жігіттерден өрлік, қайсарлық, төзім деген қасиеттер бірден байқалып тұрады. Ал ата-анасынан тым көп шектеу көрген, сыртқа көп шықпаған немесе үйкүшік, еркелеу балалар әскери ортаға үйренісе алмай қиналыңқырап жатады. Бізде «Кураторлық жұмыс» деген бар, жүзі сынық жүрген немесе көңілі әлденеге алаңдаулы сарбазды көріп, байқап қалсақ, бірден бауырға тартып, жеке сөйлесіп, өзін мазалаған не нәрсе екенін, не ұнамай жүргенін егжей-тегжейлі сұрап, отбасы жағдайын да біліп, ашық әңгімеге тартамыз. Психологқа бағыттаймыз. Жалпы, әр сарбазды жеке-жеке бақылауда ұстаймыз. Себебі, біз олардың бас амандығына жауаптымыз. Дегенмен, әскердің аты – әскер, бұл үй емес. Тәртіп, талап бәріне ортақ. Жігіттің болмысына сабырлық, төзімділік, шыдамдылық, қайсарлық, батырлық, батылдык, биіктік тән. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», шекарамызға жау келіп қалса, бізді қорғайтын білекті, жүректі жауынгерлер! Сол үдеден шыға білсек, біздің Тәуелсіз елді ешбір жау ала алмайды.

– Әлгінде «ең жиі айтатын сөздеріңіз» дегенде, «махаббат» деп қалдыңыз, сіздей жігіттің қалыңдығы да бар шығар, қазақша сөйлесесіздер ме?

– Иә. Қалыңдығым қазақ қызы. Алдағы уақытта шаңырақ құрсақ па деген ниетіміз де бар. – Бақытты болыңыз, Даниил!



Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Даниил, қазақшаны қайдан, қалай үйрендіңіз? Қиын болған жоқ па?

– Ешқандай қиын болған жоқ. Себебі, менің өскен ортам қазақ. Алматы іргесіндегі Қарасай ауданына қарасты Бекболат ауылында тудым. Ауылда қазақ мектебінің табалдырығын аттадым. 9-сыныпқа дейін сонда білім алып, республикалық әскери мектеп-интернатына оқуға түстім. ҰБТ-ны да қазақша тапсырдым. Достарым, айналам тегіс қазақ болды. Сондықтан еркін сөйлеймін. Тіпті, сенесіз бе, қазақша ойлап тұрамын. Мектепте диктант, шығарма жазғанда орыс тілінен «үштік» баға алып қалатынымын. Шынымды айтсам, орыс тілінде сөйлеуге қысылатын кездерім көп, акцентім бар өйткені.

– Қазақша қандай сөздерді жиі айтасыз?

– Махаббат. Ұлттық ұлан. Ассалаумағалейкум. Негізі, мұсылманмын (татар), әлхамдулиллаһ!

– Әскери адам болуды бала кезден армандадыңыз ба?

– Иә. Құрлық әскері болуды армандаған болатынымын. Әскери мектеп-интернаттан кейін оған түсе алмай қалдым да, «Нархозды» «ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша бітірдім. Міне, қазір Ұлттық ұланда жүрмін. Жалпы, қай сала болсын, жүрек қалауымен, асқақ арманмен келсеңіз, табыс та, жетістік те, абырой-бедел де сізді өзі-ақ іздеп табады деп ойлаймын.

– Мемлекеттік тілдің сізді жетістікке жеткізген немесе әлдебір тығырықтан шығарып алған сәті болды ма?

– Мен түрлі этнос өкілдері арасында өтетін байқауларға жиі қатысамын. Қазақша мақал-мәтелдердің біразын жаттап алдық бүгінде. Өн де саламыз. Жұлделерім де аз емес. Кеше ғана сондай бір сайысқа, дәлірек айтсам, өзіміздің әскери бөлім арасында өткен байқауға қатысып, 1-орынды иелендім. Жетістіктерім деп осыларды айтуға болатын шығар. Тағы бір жетістігім – қазақтан көп дос жидым. Бәрі адал, аңқылдақ, қонақжай, мейірбан.



ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖӘНЕ АЛМАТЫ

- 1941 жылы Алматыға Луганск қаласындағы паровоз шығаратын завод көшірілді. Соның базасында Алматы ауыр машина жасау заводы ашылды (АЗТМ).
- АЗТМ-да 1942 жылдың наурыз айынан бастап соғысқа қажетті торпеда, мина және снарядтар шығарыла бастады.
- Алматы фабрикаларында 25 000 тонна жылы киімдер тігіліп, майданға жіберілді.
- Алматы тек қана көшірілген зауыттар мен фабрикаларды қабылдаудың ғана емес, мәдени-ағарту мекемелері мен халықты қабылдаудың негізгі бекетіне айналды.
- 1942 жылы 20 қаңтардан қалаға көшіріліп әкелінген зауыттың 164 жабдығы тиісті орындарға тиянақты орналастырылып, 1942 жылдың наурыз айынан бастап зауыт өз өнімдерін майданға бере бастады.
- Соғыс самолеттері үшін агрегаттар шығаратын Мәскеудің авиация жасау зауыты аса қысқа мерзімде қалпына келтірілді.
- Алматыға көшіріліп әкелінген зауыттардың бірі Ворошиловоград қаласындағы паровоз жасайтын зауыт.
- Алматыға 25 ғылыми зерттеу институттары, жоғары және орта техникалық оқу орындары мен мәдени-ағарту мекемелері көшірілді.
- Шаһарға көшірілген мәдени-ағарту мекемелерінің ішінде «Ленфильм» және «Мосфильм» орталық киностудиялары, Мәскеудің Москеңес атындағы драма театры, Киевтің мемлекеттік музыкалық комедия театры және Львовтің «Трембита» хор капелласы болды.
- Соғыс аймақтарына жақын орналасқан Украина, Беларусь және Ресей аумақтарындағы орта және жоғарғы оқу орындары Қазақстанға ауыстырылды.
- Алматыға 12 жоғары оқу орны және 4 техникум, Мәскеудің атақты Авиация, Заң, Сауда-кооператив, Түсті металлургия және алтын институттары, Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография және т.б. институттар көшірілді.
- 1942 жылдың басында Мәскеу, Ленинград киностудиялары Алматы көркемсурет фильмдер студиясымен біріктіріліп, Біріккен Орталық киностудиясы құрылды. Орталық киностудия қазіргі Жамбыл филармониясы (Төле би – Қалдаяқов көшелерінің қиылысы) орналасқан ғимаратта болды.
- Соғыс жылдары Орталық кинохроника студиясы уақытша үшке бөлініп, Мәскеу, Алматы, Куйбышев қалаларында жұмыс істеді. Сондықтан Алматы кинохроника студиясы «Советтік Қазақстан» киножурналымен бірге одақтық киножурналдарды шығарып отырды. Қазақстанда соғыс жылдарындағы халықтың тыныс-тіршілін бейнелейтін деректі материалдың 250-дей бөлімі түсірілді.
- Соғыста жараланған солдаттарды емдеу үшін Алматы қаласында 11 әскери госпиталь ашылды.

АҚОРДА

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР –
мемлекеттігіміздің мызғымас тірегіМемлекет басшысының төрағалығымен
Бүкілармиялық кеңес отырысы өтті

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бүкілармиялық кеңес өткізіп, ардагерлер мен сарбаздарды Отан қорғаушы күнімен құттықтады.

Тәуелсіздік пен бейбіт өмірді қорғау –
қасиетті парыз

Жоғарғы Бас қолбасшы құттықтау сөзінде Қарулы Күштеріміз мемлекеттігіміздің мызғымас тірегі, туған елдің тәуелсіздігін және бейбіт өмірін қорғау қасиетті парыз екенін атап өтті.

– Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау – кастерлі борыш. Батыр бабаларымыз

Жоғарғы Бас қолбасшы күштік құрылымдардың жаңа талапқа сай болуы қажет екеніне назар аударды. Оның айтуынша, қазір арнайы операциялар күштерінің қолбасшылығы құрылды. Сондай-ақ, десанттық-шабуылдаушы әскердің қарым-қабілетін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр.

– Аумақтық қорғаныстың әлеуеті күшейтілуде. Азаматтық қорғаныс бөлімшелері



Бүкілармиялық кеңес отырысы алдында Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа әскери қызметшілердің бірыңғай киім үлгісі таныстырылды.

ғасырлар бойы жерінің шетін жауға бастырмай, бізге мирас етті. Осы ұлы мұраны көздің қарашығындай сақтау – басты міндетіміз. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау – негізгі мақсатымыз. Ел іші тыныш, қоғам тұрақты болса, жасампаз әрі өркениетті мемлекетке айналамыз. Яғни дамыған ел боламыз десек, ең алдымен, бейбітшілік және тыныштық керек. Қарулы Күштеріміз осы кастерлі құндылықтарды қорғауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қуатты армия – тұрақтылық пен
тыныштықтың кепілі

Президент бүгінде заманның күнде құбылып жатқанына және әлемде жаппай қарулану белең алғанына назар аударды.

– «Жау жоқ деме, жар астында» деген сөз бар. Қазіргі күрделі кезеңде Армияның рөлі күшейе түсті. Армия егемендігімізді қорғауға әрдайым дайын болуы қажет. Оның кәсіби дайындығы, заманауи қару-жарақпен, озық технологиямен жабдықталуы басты факторға айналды. Әскердің білікті болуы және ұтқырлығы ұрыс нәтижесіне тікелей әсер етеді. Армия осы талапқа сай болса, өз міндетін ойдағыдай атқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

құрылып жатыр. Арнайы жасақ бөлімдерін дамыту ісі тың қарқынмен жалғасуда. Осы жұмыстың бәрін уақытылы аяқтау керек. Олар біртіндеп қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілуге тиіс. Мемлекеттік органдардың тығыз қарым-қатынаста болуы өте маңызды. Сонда ғана біз кез келген қауіп-қатерге төтеп бере аламыз. Қуатты армия – тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі, – деді Президент.

Озық технологияны енгізу –
маңызды міндет

Қасым-Жомарт Тоқаев армияны технологиялық тұрғыда жаңғырту жұмысы жалғастынып отырғандығын атап өтті. Оның пайымынша, жаңа үлгідегі қару-жарақтың және техниканың, әсіресе дәлдігі жоғары қарулардың, ұшқышсыз басқарылатын техника мен роботты кешендердің үлесін арттыру қажет. Сондай-ақ, әскеріміз ұтқыр болу үшін тасымалдаушы ұшақтардың және ұрыс көліктерінің санын көбейткен жөн деп есептейді.

– Ақпараттық жүйелер мен озық технологияны енгізу – маңызды міндет. Шешім қабылдау тиімділігін арттыруға және жауынгерлік бөлімшелердің әлеуетін арттыруға ерекше назар аудару керек. Бұл әскерді пайдалану тиімділігін айтарлықтай жақсартады.

Армиямызды толыққанды қаруландыруда және жаңғыртуда отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешені маңызды рөл атқарады. Үкімет әскери өнімдер мен қызмет түрлерін кеңейту үшін барлық шараны қабылдауға тиіс. Тағы бір өзекті мәселе – зауыттардың және әскери бөлімдердің техниканы жөндеу мүмкіндігін арттыру. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз жоғары, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жауынгерлік дайындық жүйесін жетілдіруді маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ, үздік халықаралық тәжірибені жан-жақты зерттеп, олардың озық үлгілерін белсенді түрде қолдануымыз керек екенін айтты.

– Қазіргі заманда әбден машықтанған сарбаздар ғана тиімді ұрыс жүргізе алады. Сондай-ақ, сардарлардың біліктілігі айрықша рөл атқарады. Әсіресе, орта және төменгі буындағы басшылардың кәсіби дайындығы жоғары болуы шарт. Олардың дербес шешім қабылдау қабілеті және бастамашылдық қасиеті өте маңызды. Әскер басшылары қабылдаған шешіміне жауап беруден қорықпауға тиіс, – деді Жоғарғы Бас қолбасшы.

Әскери қызметте болу үлкен абырой
саналуға тиіс

Жиында әскери білім және ғылым жүйесін дамыту мәселесіне де баса мән берілді.

– Әскери академиялар, институттар әлемдік стандарттарға сай болуға тиіс. Осы саладағы жоғары оқу орындарының материалдық базасын нығайту керек. Сондай-ақ, оқу бағдарламасын заман талабына сай бейімдеу қажет. Әскери мамандар даярлау үшін басқа да жоғары оқу орындарының мүмкіндігін кеңінен пайдаланған жөн. Ректорлар студенттердің жауынгерлік дайындығына тікелей жауапты болуға тиіс. Әскери қауіпсіздік мәселесі ғылыми тұжырымға сүйенуі керек. Яғни ғылыми-зерттеу жұмысына басымдық беру қажет. Әскери оқу орындары қорғаныс саласындағы кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы әскери қызметтің беделін және жауынгер мәртебесін арттыру қажеттігіне тоқталып, әскери қызметшілердің әлеуметтік тұрғыдан қамтылу мәселесіне ерекше назар аударды.

– Ел тыныштығын қорғайтын әрбір жас маман өз қызметін мақтан етуі керек. Әскери қызметте болу үлкен абырой саналуға тиіс. Біз бұған қажетті барлық жағдайды жасаймыз. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Әскери борышын өтеп келген азаматтар енді жоғары оқу орнына жеңілдікпен түседі. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздар несиеcін төлеу міндетінен уақытша босатылады. Сондай-ақ, олар өздері қаласа, армия қатарынан нақты мамандық алып шығады. Жалпы, сарбаздарды әлеуметтік қолдау шараларын мейлінше көбейту қажет. Әскерде жүрген жастарымыз нағыз сарбаз, нағыз маман болып шығуы – міндет. Олар өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскери қызметшілерге жақсы жалақы төленуі керек. Үкімет күштік құрылымдарға еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне көшкен кезде осыны ескеруге тиіс, – деді Президент.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға қосқан үлесі үшін бірқатар әскери қызметшіні марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖӘНЕ АЛМАТЫ

Олар негізінен мектептерде, ЖОО және демалыс үйлерінде орналасты. Онда урология, көз және ортопедиялық бөлімшелері ашылып жұмыс істеді. Бұл госпитальдарда жараланған солдаттар емделді. Денсаулықтарын калпына келтіріп алғаннан кейін солдаттардың 72%-ы қайта соғыс алаңына аттанды.

- Алматы қаласында 1941 ж. 1 қаңтардағы халық саны 238 500 болса, 1938–1941 ж.ж. 22 маусымға дейін соның 3153 адамы мобилизацияланды, ал 1941 ж. 22 маусымынан 31 желтоқсанға дейін 18 758, 1942 ж. – 6051, 1943 ж. – 21 114, 1944 ж. – 5547, 1945 ж. – 4011 адам әр кезінде мобилизация бойынша шақырылды;
- 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 31 желтоқсанына дейін – 75 481 адам соғысқа алынған.
- ҰОС жылдарында Алматы халқының саны жыл сайын өзгеріп отырды. 1941 жылдан бастап халықтың саны күрт көбейе бастаған. 1942 жылдың 1 қаңтарынан 1944 жылдың 1 қаңтар аралығында халықтың өсу динамикасы жоғары болған. Бұл өзгерістердің себебі, Алматы қаласына өнеркәсіп орындарының негізгі орнақтарының көптеп орналастырылуы, сонымен қатар мамандар мен жұмысшылардың және олардың отбасыларының да бірге көшірілуі көп ықпал етті.
- Алматы соғыс болып жатқан аймақтардан эвакуацияланған халықтарға пана болды. Олардың ішінде режиссер, актер, суретші, жазушылар мен инженерлер бар еді. Айтар болсақ, Алматы қаласына акын, драматург және атакты балалар жазушысы Самуил Маршак, жазушы Михаил Зощенко, балалар жазушысы, поэтесса Наталья Кончаловская, жазушы Сергей Михалков келді.
- Мұрағат деректеріне сүйенер болсақ, Қазақстанға 1941 жылы 15 қарашаға дейінгі аралықта 97 696 адам келген, 1942 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта 288 796 адам келіп, барлығы 386 492 адамды құраған. Бұлардың саны 1943 жылдың 1 қаңтарына дейін 484 149 адамға өскен.
- 1944 жылдың тамыз айынан бастап халық саны төмендей бастады. Бұған себеп соғыстың саябырсып, неміс басқыншыларының кері шегіне бастаған кезі еді. Осыған байланысты реэвакуация басталды да, халық санының кемуіне әкелді.
- Соғыста қаза тапқандар қала бойынша – 12 994 адам, госпитальда жаракаттан, аурудан қайтыс болғандар – 3419, тұтқында – 379 адам қаза болған, хабарсыз кеткендер – 15 308 адам, барлық шығын – 32 100 адам.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: e-history.kz,
Qazaqstan tarihы portaly,
«edu.e-history.kz»).

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ДАҢҚ МЕМОРИАЛЫ

Мың жылдық тарихы бар Алматыда еліміз батырларының есімі берілген көшелер де, оларға орнатылған ескерткіштер де аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі – 28 панфиловшы-гвардияшылар атындағы саябақта орналасқан Даңқ мемориалы. Аталмыш мемориал Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 30 жылдығына орай 1975 жылы 8 мамыр күні орнатылған.

Мемориалдық кешен бірнеше бөліктен

тұрады: мәңгілік алау, «Ант» горельефі, «Ерлік» монументі, «Мадақ айтушылар» горельефі. «Ант» горельефінде қаза тапқан жолдастарының атын жетектеп келе жатқан сарбаз бейнеленсе, «Мадақ айтушылар» горельефінде жеңістен кейінгі салтанатты өмірдің ұранын айтқан адамдар көрсетілген. Ал «Ерлік» монументі кеудесін жау танкілеріне тосып, Мәскеуді қорғаған панфиловшы-гвардияшылар құрметіне орнатылған.



ӘЛИЯ МЕН МӘНШҮК

Қаламыздың қас ортасы Астана алаңындағы саябақта Кеңес Одағының Батырлары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың құрметіне ескерткіш орнатылған. Қазақтың батыр қыздарына арналған темір мүсін 1997 жылы ашылды, ал 2001 жылғы 26 қыркүйекте мемлекет қорғауына алынып, жергілікті маңызы бар мемлекеттік «Тарих және сәулет ескерткіші» мәртебесі берілді.

Әскери киіммен қадам басып келе жатқан қыздардың мүсіндері кара және сұр граниттен жасалған. Сондай-ақ, олардың артында жер ғаламшарының үстінде көгершіндерді ұшырып тұрған балалардың мүсіні қойылған.

Айта кеткен жөн, мегаполисте Әлия мен Мәншүктің атымен аталған жеке көшелер бар. Сонымен қатар, Төле би және Сейфуллин көшелерінің қиылысында орналасқан шағын скверде М.Мәметоваға арналған бюст орналасқан. Аталмыш ескерткіш жанында ҰОС қаза тапқан медик-батырларға арналған және ҰОС қатысушы университет оқытушыларына, қызметкерлеріне және студенттеріне арналған ескерткіштер қатар қойылған.

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанында Ақтөбе облысының Қобда ауданы, Бұлақ ауылында дүниеге келген. 7 жасында анасынан айырылып, 14 жасынан Ленинградтың Охта ауданындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. 1943 жылдың шілдесінде 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасында мерген болып әскери қызметін бастайды. 1944 жылы 14 қаңтар күні «Жауынгерлер, алға!» деген ұранмен алға ұмтылған Әлия ерлікпен қаза табады.

Мәншүк Мәметова 1922 жылы Орал облысы Орда ауданында дүниеге келген. Шын есімі – Мәнсия. 1942 жылы тамызда ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-інші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. 1943 жылы Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ бора-тып, қаһармандықпен қаза тапты.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

2010 жылы 28 панфиловшы-гвардияшылар атындағы саябақтың солтүстік бөлігінде Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының ескерткіші орнатылды. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 6 метр. Батыр бейнесі қоладан, ал астындағы тұғыры граниттен жасалған. Ескерткіштің авторлары – қазақстандық мүсіншілер Нұрлан Далбай мен Расул Сатыбалдиев.

Б.Момышұлы ескерткішінің жанына Ұлы Отан соғысы кезіндегі артиллериялық зеңбіректер, ал саябақтың солтүстік-шығыс кіреберісінде – Қазақстанға қарасты «Киров» крейсерінің кеме зеңбіректері орнатылған.

Бұдан бөлек, Бауыржан Момышұлының құрметіне Алматы қаласында Әуезов және Алатау аудандарын кесіп өтетін көшеге және Санн-Жандосов көшелерінің бойында орналасқан «Жас ұлан» Республикалық мектебіне батырдың аты берілген. Сондай-ақ, мектеп алаңында Кеңес Одағының Батырына арналған бюст те бар.

Айта кеткен жөн, Бауыржан Момышұлы (1910–1982 ж.ж.) Кеңес Одағының Батыры, жазушы, әлемге танылған әскери қолбасшы әрі тактик. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В.Панфилов басқарған әйгілі дивизияның құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. 1073-ші атқыштар полкінің атқыштар батальонының командирі болды. Батальон командирі ретінде батыр бабамыз Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. Жаудың талай қоршауын бұзып шығып, өзінің ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен танылды.

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Б.Момышұлына «Халық қаһарманы» атағы берілді.



СЕРГЕЙ ЛУГАНСКИЙ

Гоголь көшесінен жоғары қарай Абылай хан көшесінің бойында қазақстандық ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры – Сергей Луганскийдің бюсті орнатылған. 1947 жылы ашылған ескерткіштің үстінгі бөлігі қоладан, ал тұғыры сұр граниттен жасалған. Бюстен бөлек Алматыда Медеу ауданындағы көшелердің бірі ұшқыштың құрметіне аталған.

Сергей Луганский 1918 жылы 1 қазан күні Алматы қаласында дүниеге есігін ашқан. 1938 жылы Орынбордағы ұшқыштар мектебін, ал 1949 жылы Мәскеудегі әскери-әуе академиясын бітірген. 1939–1940 жылдары кеңес-фин соғысына қатысады. Ұлы Отан соғысы кезінде 270-ші жауынгерлік авиация полкінің эскадрилья командирі 390 рет ұшу сапарына шыққан. Жаудың 37 ұшағын атып түсіріп, 2 рет әуе таранын жасаған. Соғыстан кейінгі жылдары ҚазақКСР әскери әуе күштері саласында әртүрлі жоғары басшылық қызметтерде болды.



КӨРМЕ

ҰЛТТЫҚ ӨНІМ

Отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың маңызы зор

5–7 мамыр аралығында Алматыда «Атакент» Іскерлік ынтымақтастық орталығында қала әкімдігінің қолдауымен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ ұйымдастыруымен жыл сайынғы отандық тауар өндірушілердің «ULTTYQ ÖNİM» көрмесі өтуде.

Айнұр
СЕНБАЕВА

VII жыл сайынғы «ULTTYQ ÖNİM» ауқымды көрмесінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 320-ға жуық микро, шағын және орта бизнес өкілдері отандық тауарлар мен қызметтерді ұсынды. Көрмеге Алматыдан 30 компания қатысты. Көрмеден азық-түлік, киім-кешек және аяқ киім, жиһаз, құрылыс материалдары, машина жасау жабдықтары, химия өнеркәсібі өнімдерін шығаратын және басқа да көптеген кәсіпорындар өз өнімдерін көруге болады.

Ауқымды көрменің ашылуына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев қатысты. Ерулан Кенжебекұлы көрменің ашылу салтанатындағы құттықтау сөзінде кәсіпкерлікті дамыту басым бағыт ретінде ұлттық экономиканың тұрақты дамуының маңызды факторы екенін атап өтті. Көрмені мұқият аралап шыққан Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев құрқол кеткен жоқ. Ол отандық өндірушілерден аяқкиім сатып алды.

«Өткен жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Стратегиялық мақсат – 2025 жылға қарай ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35%-ға, 2030 жылға қарай 40%-ға дейін арттыру. Азаматтардың кәсіпкер ретінде қалыптасуына жағдай мен мүмкіндіктер жасау – нақты мақсаттарға қол жеткізу жолындағы шынайы қолдау екені сөзсіз. Осы мақсатта кәсіп ашу және дамыту бойынша кешенді шаралар жүргізілуде. Ұлттық жоба аясында пайыздық мөлшерлемелер субсидияланады, несиелерге кепілдік беріледі, басқа бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелер мен әртүрлі қолдау шаралары ұсынылады. Осы саладағы мемлекеттік саясаттың жолбасшысы, бизнестегі сенімді серіктес – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ екені анық. Осы жылдар ішінде жалпы ішкі өнімдегі кәсіпкерліктің үлесі артты, бұл бірлескен жұмыстың нәтижесі», – деді Ерулан Кенжебекұлы.

Көрменің ашылу салтанатына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев арнайы келді. Сондай-ақ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаев, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, екінші деңгейлі банк төрағалары, кәсіпкерлер қатысты.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жыл сайынғы отандық тауар өндірушілердің «Ulttyq Onim» көрмесін өткізу Алматы және



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эльза КАЛИЕВА, дизайнер:

КӨРМЕГЕ ҚАТЫСУ – ЗОР МӘРТЕБЕ

Біз «Даму» қоры ұйымдастырып отырған көрмеге арнайы Атыраудан келіп қатысып отырмыз. 2016 жылдан бері ателье ашып, жеке кәсіппен айналысып келеміз. Өзіміз көпбалалы анамын. Осы көрмеге екінші мәрте қатысудамыз. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған көрмеге қатысу біз үшін үлкен мәртебе. Біз «Даму» қорынан кәсібімізге субсидиялау бойынша жеңілдетілген несие алғанбыз. Осындай қолдаудың арқасында өз кәсібімізді дөңгелетіп отырмыз. «ЭльзаАрт» ательесінде 20 шақты қыз жұмыс істейді. Өзіміз киймдердің эскизін, дизайнын жасаймыз, тігіміз, әшекей бұйымдарымыздың бәрін өзіміз қолдан жасаймыз. Қазіргі таңда ұлттық нақыштағы киімдерге, әшекейлерге сұраныс жоғары. Біз осы өнімдерімізді күнделікті өмірге ыңғайлы, сәнді етіп жасауға бар күшімізді саламыз. Шетелдердегі көрмелерге, сән апталықтарына жиі қатысып тұрамыз.

Сайыпжамал ӨТЕП, кәсіпкер:

МАҚСАТЫМЫЗ – ТАЗА ӨНІМДІ ХАЛЫҚҚА ҰСЫНУ

Біз жолдасым екеуміз өмір бойы ұстаздық еткен жанармыз. Жоғары білімді математикпіз. Бірақ бала-шағаның қамы үшін кәсіппен айналысуға бел бұдық. Ауылшаруашылығы, соның ішінде сүт өнімдерінің пайдасы көл-көсір деуге келмейді. Бірақ халыққа пайдасы тиетін таза өнім өндіруді мақсат етіп қойдық. Шүкір, қазір біздің құрт-майларымызды, айрандарымызды іздеп жүріп алатын тұрақты алушыларымыз күннен-күнге көбейіп келеді. Қазір халық таза, пайдалы тамақ ішудің маңызын түсіне бастады. Дана халқымыз «Ауру – астан» деп бекер айтпаған. Сондықтан әр қазақ ағзаға пайдалы, таза, отандық өнімді білсін, пайдалансын деген ниетте көрмеге қатысудамын. «Даму» қорының қолдауына шексіз алғыс айтамыз.

жалпы еліміз үшін маңызды оқиға екеніне тоқталып өтті.

«Алматы – бизнес пен капиталдың орталығы ретінде танымал. Бүгінгі таңда шағын және орта бизнес қала экономикасының 57,5 пайызын құрап, қаладағы жұмыспен қамтудың 87 пайызын (2022 жылы 998 мыңның 868,5 мыңы) қамтамасыз етеді. 2022 жылы ШОБ өнімінің көлемі 15,7 трлн теңгеге жетіп, 31,1%-ға өсті. ШОБ субъектілерінің кәсіпкерлік бастамасы арқасында бүгінде қала ел экономикасының бесен бір бөлігін дерлік (2022 жылы 18,5%) және Қазақстан мемлекеттік бюджеті кірісінің төрттен бірін қамтамасыз етіп отыр. Биылғы жылдың басынан бері мегаполисте іскерлік белсенділік

айтарлықтай артқан. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында іскерлік белсенділік индексі бойынша (57,9%) Алматы Қазақстанның өңірлері арасында бірінші орынға шықты», – деді Ерболат Досаев.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаев аталған көрме отандық тауар өндірушілерінің өз өнімдерін көрсететін бірегей алаңға айналғанына сенімді екенін атап өтті.

«Көрмеге қатысушы кәсіпкерлер жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, өз өнімдерін сыртқы нарыққа шығаруда. Бұл Қазақстан экономикасының одан әрі дамуына қосатын зор күш-қуаттың белгісі. Қазіргі таңда еліміздің әрбір азаматының өз ісін ашуға толық

мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қолдау әрбір қазақстандыққа қолжетімді. Отандық өнімді қолдап, еліміздің дамуына бірге үлес қосайық!», – деді Қ.Шарлапаев.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ басқарма төрайымы Гаухар Бурибаева атап өткендей, отандық тауар өндірушілердің «ULTTYQ ÖNİM» жыл сайынғы көрмесі 2015 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұған дейін бұл шара жылда Астанада өтетін. 2022 жылы оған 350-ге жуық кәсіпкер, 20 мыңға жуық адам қатысқан.

«Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында «Даму» қоры еліміздің барлық өңірлеріндегі кәсіпкерлердің 187,5 мыңнан астам жобасын, жалпы сомасы 10,9 трлн теңге болатын несиені қолдады. «Даму» қорының қатысуымен мемлекеттік қолдау шаралары 2022 жылы 1,5 триллион теңгеден астам несиеге 50,5 мыңнан астам жобаны қамтыды», – деді басқарма төрайымы.

«Даму» қорының қолдауына ие болған жобалар экономиканың түрлі салаларында жүзеге асырылуда. Бұл жобалардың қызметі импортты алмастыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, сондай-ақ елдің экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Мысалы, қолдау тапқан жобалардың қатарында керамиграниттен жасалған бұйымдар шығаратын «Зерде-Керамика Ақтөбе» ЖШС бар, кәсіпорын ішкі нарықты қамтамасыз етіп, өнімдерін Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстанға экспорттайды; «Прима Күс» ЖШС – бройлер етін өндіру және өңдеу бойынша жабық циклді ірі құс кешені; «Eiga med», қан сақтауға арналған контейнерлер өндіруші; «ПК Аврора» ЖШС жуғыш заттарды және басқа да көптеген өнімдерді шығаруға бағытталған.

Көрмеге өнімдері қойылған кәсіпкерлер жаңа әлеуетті тұтынушыларды табуға, қалыптасқан байланыстарды нығайтуға және іскер серіктестер табуға мүмкіндік алады. Көптеген кәсіпорындар үшін көрмеге қатысу – өз өнімдерін немесе қызметтерін таныстыру, сондай-ақ бір саланың адамдары арасындағы қарым-қатынас, жаңа таныстар мен идеялар арқылы «танылуды» тағы бір жолы. Іскерліктен басқа, көрмеге қатысу тұтынушылар мен олардың не күтетіндері туралы көбірек білуге, өнімдер туралы жылдам кері байланыс алуға, ең бастысы, салалас өнім өндірушілермен танысуға мүмкіндік береді.

Көрме 7 мамырға дейін жалғасады. Көрме барысында адам ресурстары, ұтымды өндіріс салаларындағы іскерлік келіссөздермен қатар кәсіпкерлер үшін қазақстандық сарапшылардың маркетинг шеберлік сабақтары мен тренингтері ұйымдастырылады. Ал келушілер қазақстандық өндірушілердің тауарларын өз көздерімен көріп, сатып ала алады. Сонымен қатар, келушілер жаңалықтармен танысып; қазақстандық дизайнерлердің сән көрсетілімін тамашалап; «Халық тандауы» дәм тату байқауына қатысып; қатысушы компаниялардан бағалы сыйлықтар ұтысында сәттіліктеріңізді сынап көру және т.б. мүмкіндіктерге ие болады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шара оң шешімді нәтижемен қоса микро, шағын және орта бизнестің одан әрі дамуына жаңа серпін береді, бұл ішкі ғана емес, сыртқы нарықта да сұранысты қамтамасыз ететіні сөзсіз.


ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Алматыда 4 мамырдан бастап жаңа бағытта №213 автобус қатынай бастады.



Жаңа маршрут Көлащы ауылынан Дүйсеков – Сорбұлақ трактісі – Саин көшесі – ҰАК (БАК) бойымен, одан кейін Солтүстік айналымнан бұрылып, кері бағытта жүреді.

Алматы көлік холдингі мамандарының айтуынша, желіде 20 автобус 9 минут аралықпен жолаушылар тасымалдайтын болады.

ЖАҢА АВТОБУС БАҒЫТЫ
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА



Алматы қаласының велосипед қауымдастығы Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне орай веложарыс өткізеді. Іс-шараға кәсіби спортшылар мен әуесқойлар қатысады.

ВЕЛОЖАРЫС ӨТЕДІ

Кортеж бағыты «Нұрлы Тау» БО-нан басталып, 28 панфиловшылар атындағы саябақта аяқталады. Веложарыстан соң Даңқ ескерткіші мен Мәңгілік алауға гүлшоғын қою жоспарлануда.

Жолдар жабылмайды. Басталатын уақыты мен орны: 8 мамыр, сағат 10.00, «Нұрлы Тау» БО.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



ЗЕРДЕ

Ақан БИЖАНОВ,
Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің
төрағасы, ҚР Сенаторлар кеңесінің мүшесі

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!

Жеңіс күні – бұл шын мәнінде әр отбасы үшін қастерлі. Өйткені, сұм соғыс ешбір шаңырақты айналып өтпеген. Сол соғысқа қаншама өрімдей жас жігіттер мен қыздарымыз қатысты! Қаншамасы оралмай, хабар-ошарсыз кетті! Қуанышқа орай, елге аман-есен оралып, бейбіт өмірдің дәмін татқан отандастарымыз да аз емес.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, 1941–1945 жылдары Қазақстаннан Отанды қорғау үшін 1,5 миллион жауынгер аттанған. Сол соғыстан 600 мыңнан астам қазақстандық оралмады. Ұлы Отан соғысында барлығы 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Төрт қазақстандық – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов және Сергей Луганский екі рет Кеңес Одағының Батыры атанды. Ұрыста қаза тапқан пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген Әлия Молдағұлова да халқымыздың есінде мәңгі қалды.

Алматы тұрғындарының 48-і Кеңес Одағының Батыры атағына ие болып, есімдері мегаполис көшелеріне берілді. Олар – Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Төлен Кабулов, Григорий Шемякин және басқалар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыда бірнеше атқыштар дивизиясы мен бригадалары, сондай-ақ бірқатар басқа да арнайы, әскери бөлімшелер құрылды.

Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезінде генерал Панфиловтың басшылығымен шайқасқан 316-шы атқыштар дивизиясының, Мәскеуді қорғауда 28 панфиловшының жанқиярлық ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Соғыс жылдарында тылда жүздеген мың адам еңбек етті. Жеңіс жолында миллиондаған адам қаза тауып, көптеген отандасымыз мүгедек болып қалды. Бүгінгі күні біздің қатарымызда сол сұм соғыстың санаулы ғана куәгерлері қалды. Ол аяулы жандар ерқашан біздің қамқорлығымызға бөленуге тиіс. Қазір Алматы қаласында Ұлы Отан соғысының 58 ардагері тұрады, ал тыл еңбеккерлерінің саны 9 мыңға жуық.

Биыл адамзат тарихындағы жойқын соғыстың аяқталғанына 78 жыл толады. Сұрапыл соғыс біздің санамызда өшпес із қалдырды. Әрине, Жеңіс күні – қазақстандықтар үшін айтулы мереке. Бұл мереке Отанын қорғауда батырлық пен жанқиярлықтың үлгісін көрсеткен жауынгер-сарбаздар мен офицерлердің ерлігінің нәтижесі.

Сонымен қатар, шайқастар тек майдан алаңында ғана емес, шалғай ауылдарда, кәсіпорындар мен Отанымыздың барлық аймағында жүрді. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған адам үшін ортақ үйге айналды. Зауыттар мен фабрикалардан майданға қажетті оқ-дәрілер мен армияны қамтамасыз ету құралдарын, майдан үшін азық-түлік пен киім-кешектерді үздіксіз жеткізу үшін жағдайлар жасалды.

Сол жылдары жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарының, демалыс үйлері мен пансионаттардың орнына әскери госпитальдар ашылды. Жараланған жауынгерлердің көпшілігі Алматыда емделіп, қайтадан соғысқа аттанды. Мамандармен бірге зауыттар мен фабрикалар біздің қалаға көшірілді. Тыл еңбегінде кәсіпорын қызметкерлері батылдық пен теңдессіз патриотизмін көрсетті. Кәсіпорындарда майданға кеткен жұмысшылардың орнын әйелдер мен балалар толықтырып, бұрын-соңды болмаған еңбек өнімділігі байқалды. Соғыс жылдарында КСРО-ның ішкі аймақтарынан Алматыға 34 зауыт пен фабрика көшіріліп әкелінді. Мысалы, 1941 жылы Луганск паровоз құрастыру зауыты Алматыға ауыстырылды. Оның базасында Алматы ауыр машина жасау зауыты (АЗТМ) қайта жаңартылып, ол 1942 жылдың наурыз айында майданға алғашқы әскери тапсырысты орындап, жөнелтті.

Жалпы, Алматыға эвакуацияланған барлық кәсіпорын



майданға қажетті қаруды дайындап отырды. Олардың қатарында С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты, Ворошилов ауыр машина жасау зауыты, «Трансвязь» Харьков зауыты және Острожский вагон жөндеу зауыты болды.

Дзержинский атындағы үшінші нөмірлі тігін өнімдері өндірісі кәсіпорнының базасында Мәскеу облысынан әкелінген тоқыма өндірісі фабрикасы ойдағыдай жұмыс істеді. Сондай-ақ, мұнда Харьков кондитерлік, Бабаев атындағы Мәскеу фабрикалары көшірілді. Олар бүгінгі Алматы кондитерлік фабрикасы жұмыс істеп тұрған жерге орналастырылды.

Жағдай күрделене түсті, өйткені білікті мамандар майданға аттанған болатын. Зауыт-фабрикалардың соғыс жағдайына бейімделіп, қайта жаракталуына байланысты мықты мамандар мен материалдық ресурс тапшылығы алдан шықты. Алайда, «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» ұраны отандастарымызды жігерлендірді, соның ішінде соғыс шағында аянабай еңбек еткен өзіміздің алматылықтар да бар.

Соғысқа дейін бейбіт өмірге қажет азаматтық өнімдер шығарған ұжымдар шұғыл түрде майданға қару тасымалдайтын негізгі қорғаныс зауыттарына айналды. Совнаркомның арнайы шешімімен бұл кәсіпорындарға өзге өңірлерден қажетті станоктар мен құрал-жабдықтар жеткізілді. Мәселен, Алматы жиһаз зауытының цехтары жедел түрде жаракталып, 1941 жылдың соңында майданға қажет қару-жарақтар шығара бастады.

Аталарымыз бен әкелеріміздің жанқиярлығы, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі – бүгінгі күннің батырлары үшін үлгі ғана емес, қоғамның рухани дамуы мен ұлттық жаңғыруының негізі. Бұл Жеңіс – абырой мен Даңқ мерекесі! Соғыста табандылық пен батылдық, Отанға деген сүйіспеншілік жеңіске жетті. Біздің миссия – батырларды мәңгі есте сақтау. Ардагерлер саны күн санап азайып барады. Қарттарға құрмет көрсетуіміз керек. Алматы қаласы ардагерлер ұйымының міндеті мен азаматтық борышы – жас ұрпаққа халықтың достығы мен бірлігінің құндылығын насихаттау арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

Мемлекет басшылығы мен қала әкімдігі аға буынға әрдайым көңіл бөліп келеді. Биыл Жеңістің 78 жылдығына орай Алматыда қалалық бюджеттен 14 мың адам біржолғы материалдық көмек алады. Оның ішінде Ұлы Отан соғысына қатысушыларға 1,5 млн теңгеден, 4 мыңнан астам адамға 100 мың теңгеден және 9 мыңнан астам адамға 50 мың теңгеден беріледі.

Баршанызды Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын! Ардагерлердің өмірі ұзақ әрі мағыналы болғай! Келесі ұрпақ, олардың балалары, немерелері мен шөберелері еліміздің өркендеуі жолында еңбек ете бергей!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САЛТАНАТҚА ТОЛЫ КҮН

Мегаполисте Отан қорғаушылар күні қалай мерекеленеді?

(Басы 1-бетте)

Концертке әскери қызметшілер, әскери үрмелі оркестр, сондай-ақ сахнада Бағлан Өбдірайымов, Толқын Забиров, «IL Cantor» квартеті, Жамила Серкебаева және т.б. өнер көрсетеді. Сонымен қатар, мерекелік іс-шаралар қаланың барлық ауданында өтеді.

АЛАТАУ АУДАНЫНДА ардагерлер мен жастардың қатысуымен 7 мамыр күні сағат 10.00-де Жанқожа батыр көшесі, 26 мекенжайындағы аудан әкімдігі ғимаратының алдында «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтары қойылады. Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік іс-шара сағат 11.00-де Атлеттер ауылында өтеді.

АЛМАЛЫ АУДАНЫНДА 7 мамырда сағат 17.00-де Арбатта «Елім менің» патриоттық әндер орындаушыларының байқауы өтеді.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ бойынша Отан қорғаушылар

күніне арналған салтанатты іс-шара 5 мамырда сағат 11.00-де Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында (Попов көшесі, 1 А) өтеді.

ЖЕТІСУ АУДАНЫНДА 7 мамырда сағат 14.00-де «Кемел» ықшамауданындағы Есім хан көшесі, 127 А мекенжайында мерекелік концерт өтеді.

МЕДЕУ АУДАНЫНДА мерекелік концерт 6 мамырда, Ғылым академиясы ғимаратының алдындағы алаңда (Шевченко көшесі, 28-үй) сағат 10.00-де өтеді.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ бойынша 5 мамырда сағат 10.00-де «Ақжар» ықшамауданы, Дәулеткерей көшесі, 178 мекенжайындағы әскери бөлімде салтанатты концерт өтеді.

ТҮРКІБ АУДАНЫНДА мерекелік бағдарлама 6 мамырда, ҚР Құрлық әскери институтында (Красногорский көшесі, 4-үй) сағат 11.00-де өтеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ЖЕҢІС КҮНІ

Алматыда қандай
іс-шаралар өтеді?

● 9 мамыр күні сағат 9.30-да Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығын мерекелеу аясында 28-ші панфиловшы-гвардияшылар атындағы саябақта Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатысуымен Даңқ мемориалының жанында Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі ресми түрде ашылады.

● Жеңіс күніне арналған мерекелік концерт сағат 11.00-де 28-ші панфиловшы-гвардияшылар саябағының алаңында өтеді. Қазақстандық әртістер соғыс жылдарындағы әндерді орындайды.

● Қалада Б.Момышұлының монументіне, Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаевтың мемориалдық тақтасына, А.Молдағұлова мен М.Мәметованың, С.Нұрмағамбетовтың ескерткіштеріне, С.Луганскийдің бюстіне, «Отан ұлдарына мәңгілік естелік» және «Отан үшін шайқаста қаза тапқандарға мәңгілік даңқ» мемориалдарына гүл шоқтарын қою рәсімі ұйымдастырылады. Құрметті қонақтар ретінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, қоғам қайраткерлері, әскери қызметшілер және т.б. қатысады.

● Жеңіс күнін мерекелеу Ш.Уәлиханов атындағы скверде және Жібек жолы – Панфилов көшелерінде сағат 11.00-ден басталады. Концерттер «Алматы әуендері» әртістерінің, Абай атындағы ҚҰОБТ театры солистерінің, музыкалық топтардың қатысуымен өтеді.

● Қала әкімдігі 50 мың «Жеңіс лентасын» таратуды ұйымдастырады. Оларды 28 панфиловшы-гвардияшылар, Орталық мәдениет және демалыс саябақтарында, мерекелік іс-шаралар өтетін басқа жерлерде алуға болады.

● Мектептер мен колледждерде әскери қызметшілерді, ардагерлерді, қатардағы азаматтарды шақыра отырып, тақырыптық «Ерлік сабақтары», сондай-ақ балаларды түрлі қорғаныс түрлерімен таныстыру бойынша сабақтар өтеді. Мереке аясында онлайн форматта «Ер есімі – ел есінде» («Батырларға тағзым») акция-шеру өтеді. Акция «Ер есімі – ел есінде» арнайы платформасында өтеді. Онда қазақстандық батырлар туралы ақпаратты көруге болады.

● Жеңіс күні Алматы қаласы әкімінің, оның орынбасарлары мен аудан әкімдерінің қатысуымен «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциясы аясында үйлеріне барып қызмет көрсетілетін және медициналық-әлеуметтік мекемелердегі Ұлы Отан соғысының қатысушыларын, мүгедектерін және тыл еңбеккерлерін құттықтау жоспарланған.

Жеңіс күніне арналған концерттік бағдарлама қаланың барлық аудандарында ұйымдастырылады

■ Алмалы ауданында: сағат 11.00-де Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова атындағы скверінде;

■ Әуезов ауданында: сағат 11.00-де Family Park демалыс саябағында;

■ Жетісу ауданында: сағат 11.00-де «Гүлдер» саябағында;

■ Түркіб ауданында: сағат 11.00-де С.Сейфуллин атындағы саябақта өтеді.

■ Наурызбай ауданында: 8 мамыр күні сағат 9.00-де «Мәңгілік алау» ескерткішінің жанында («Таусамалы» ш/ауд., Жандосов көшесі, 2) аудан әкімінің, ҰОС және Ауған соғысы ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің, Желтоқсан оқиғасы күрескерлерінің қатысуымен гүл шоқтары қойылады. Төрт ардагерді үйлеріне барып құттықтап, майдангерлердің құрметіне үрмелі аспаптар оркестрімен әскери шеру ұйымдастырылады. «Ерлік ізі өшпейді» мерекелік концерт сағат 11.00-де аудан әкімдігі ғимаратының алдында өтеді.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.



БРИФИНГ



ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Құрманғалиевтің, «Ауғанстан ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Абдушукуровтың, Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Батай Қабыловтың қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз жиынында спикерлер Жеңіс күніне орай мегаполисте ұйымдастырылатын шаралар, ардагерлерге көрсетілетін құрмет, әлеуметтік қолдау жайлы тарқатып айтып берді.

Айнұр
СЕНБАЕВА

«Жылдағы дәстүр бойынша Алматыда Жеңіс күні мерекелеу тұжырымдамасын әзірлеуге ардагерлер белсенді түрде қатысып, қала әкімдігімен бірлесе отырып, 41 тармақтан тұратын қаланың іс-шаралар жоспарын жасаған. Бірінші кезекте соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне құрмет көрсету басты назарда. Мерекелік жергілікті билік іс-шаралар өтетін орындарды мерекелік безендіріп, қала бойынша билбордтар, медиа тақталар мен LED-экрандар орнатады. Быыл 50 мың дана «Жеңіс» туралы таспа шығарылады. Оларды белсенді түрде тарату үшін волонтерлар жаппай

тартылады», – деді Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Құрманғалиев.

Тұрғындарға бейбіт өмірдегі мерекелік көңіл күй сыйлау үшін 9 мамырда бір мезгілде бірнеше жерде мәдени іс-шаралар кеңінен ұйымдастырылады.

Биыл «Ер есімі – ел есінде» («Батырларға тағзым») жыл сайынғы акциясы онлайн форматта арнайы аттас платформада <https://batyrlargatagzym.el.kz> өтеді, ол қазақстандық батырлар туралы барлық ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді. Спикерлердің айтуынша, бұл акция әлемдегі геосаяси жағдайларға байланысты онлайн форматта өткізіледі.

«Біздің онлайн-акцияны өткізу-

де тәжірибеміз жеткілікті. 2020-2021 жылдардағы карантиндік шектеулер кезінде осындай акция дәстүрлі форматта өткізу үнемі қоғамдық қауіпсіздіктің белгілі бір келеңсіз жағдайларына алып келетіні жасырын емес. Сонымен қатар, қаланың орталық көшелерінің біріндегі қозғалыстың жабылуы автокөлік иелері мен жақын маңдағы үй тұрғындары үшін қолайсыздықтар туғызады», – деді «Ауғанстан ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Абдушукуров.

Биыл мектептер мен колледждерде бейбіт уақытта ержүректік пен батылдық танытқан әскери қызметшілер, ардагерлер, қатардағы азаматтарды шақырумен, тақырыптық «Батылдық сабақтары», сондай-ақ балаларды әртүрлі әскер бөлімдерімен таныстыру бойынша сабақтар өтеді.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Батай Қабылов «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциясы аясында Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, үйде қызмет көрсетілетін және медициналық-әлеуметтік мекемелердегі тыл еңбеккерлерін құттықтау жоспарланғанын айтты.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Өзгенің емес, өзіміздің
«Жеңіс» лентасын тағайықНұржамал
ӘЛШЕВА

Ойланып қалдым. Біз әлі Георгий лентасын тағып жүрміз бе, сонда?

Биыл Ұлы Жеңіске 78 жыл толады. Аз уақыт емес. Уақыт уыста тұрмайды, зырғып ағып жатыр. Ардагер аталарымыздың қатары да күннен-күнге сиреп барады. Алматының өзінде 56 ардагер ата ғана қалыпты көзі тірі. Ал бізге осынау бейбіт күнді сыйлаған батырлар ерлігін бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс.

Иә, жылда Жеңіс күні кеудемізге сол күннің белгісі ретінде біразға дейін сарғылт-қара жолақты Георгий лентасын тағып келгеніміз рас. Бұл лента Ресей империясында XVIII ғасырдан бастап әулие Георгий, Георгий кресті ордендерінде қолданылған екен. Оның алдында ресейлік матростар бас киіміндегі крестің үстіне таққан. Кейін уақыт өте бұл 1945 жылғы 9 мамырдағы Жеңістің символына айналып шыға

келді. Ұлы Жеңісті Ресей осы сарғылт-қара лента арқылы тек бір өзіне ғана тегісі келетіндей. Ал сол Жеңісте біздің аталарымыздың да үлесі, қаны, жаны бар! Сондықтан болар, бұл лента қоғамда біраз да тудырып, қарсы шыққандар аз болмаған. Нәтижесінде сарғылт, қара түсті Георгий лентасының орнын басқан өзіміздің қазақы оюмен көмкерілген, Туымыз түстес «Жеңіс» лентасы жасалды. Былтыр Алматы қаласының әкімдігі осындай 20 мың «Жеңіс» лентасын дайындап, қала тұрғындарына таратқан болатын.

Бұл лента жай шүберек емес, оны аталарымыздың қан майданда төгілген қаны мен жеңіс үшін деп алға ұмтылғанда тамшылаған маңдай терінің белгісі хәм жас ұрпақтың тарихқа құрметі деп тануымыз керек. Ол – әр ұланның кеудесінде желбіреп, олардың патриоттық сезімін оятуға қауқары бар отаншылдықтың бір белгісі! Сондықтан өзгенің емес, өзіміздің Жеңіс лентасын тағайық!

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН

- Майданға Қазақстаннан 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар аттанды.
- Брест қамалын 7000 кеңес әскері қорғаса, оның мыңға жуығы Қазақстаннан барған жауынгерлер еді.
- Генерал М.В.Панфилов бастаған 316-атқыштар дивизиясының сапындағы жауынгерлердің негізгі бөлігі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен болатын.
- 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, октанды мұнайдың 1 миллион тоннаға жуығын берді. Сондай-ақ, мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын өндірді.
- Соғыс жылдары қорғаныс өнеркәсібі үшін Қазақстан металлургия кәсіпорының күні-түні еңбек етті. Өндірілген 100 тонна молибденнің 60 тоннасын Шығыс Қоңырат руднигі өндірді. Қазақстан соғыс жылдары Одақ бойынша өндірілген барлық қорғасынның 85%-ын, полиметалдың – 70%-ын, вольфрамның 20%-ын өндірді.
- Соғыста атылған әрбір 10 оқтың тоғызы Шымкент қорғасын зауытында құйылған.
- Соғыс жылдары Қазақстанда танктер мен ұшақтар құрылысы үшін ақша жинау қозғалысы басталды. 1942 жылы Қазақстан комсомолдарынан 45 жаңа танк майдан даласына аттанды.
- 1942-1943 жылдары Қазақстаннан, халық қаражатынан соғыс шебіне 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, катерлер мен атаулы ұшақтар жіберілді.
- Даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы 100 мың сомға ұшақ сатып алып, майдан шебіне жөнелткен.
- Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан халқы майдан қорына 480,3 млн рубль жинап жіберген.
- 142 қазақстандық жауынгер Солдат ерлігі орденінің иегері болды. Ал жалпы алғанда, 96638 қазақстандық сарбаз Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталған.
- Днепр үшін шайқаста 18 жастағы Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас «Кеңес Одағының Батыры» атанды.
- Кеңес Одағы Батырларының қатарында мерген Әлия Молдағұлова, пулеметші Мәншүк Мәметова, атты әскер Бақытжан Қаратаев, атқыштар Төлеген Токтаров, Сұлтан Баймағамбетов, Сергей Лутфиллин, Мин Сен Юр, артиллеристер Серікбай Мүткенов, Иван Новиков, ұшқыш Нұркен Әбдіров, минометші Қарсыбай Сыпатаев, сапер Петр Гончаров, жазушы, әдебиет зерттеушісі Мәлік Ғабдуллин және тағы басқалар бар.
- 1990 жылы 11 желтоқсанда соңғы Кеңес Одағының Батыры атағы панфиловшы, полковник Бауыржан Момышұлына берілді.
- Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің ішінде қазақстандықтар Рақымжан Қошқарбаев, капитан Борис Чупрета, минометші А.Бақтыгереев, пулеметші П.Е.Вицько, байланысшы К.М.Волочаев бар.
- Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккені үшін «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденінің иегері атанды. 2001 жылы оған «Халық қаһарманы» атағы берілді.
- 1943–1945 жылдар аралығында республиканың 4 облысы мен 145 ауданына 507 мың қарашайлықтар, балкарлар, шешендер, ингуштар, калмақтар, 110 мың месхеттік түріктер мен күрдтер, 180 мың Қырым татарлары жер аударылды.
- 1941 жылы поляктар мен 361 мың Волга бойының немістері шұғыл түрде көшіріліп, Қазақстанның 12 облысына жер аударылды.
- Ұлы Отан соғысы жылдары 3500 қазақстандық партизан отрядтары қатарында болды. Олар Украина мен Беларусь елдерінің батыс аудандарында, Молдавия мен Балтық жағалауларында фашистік Германияға қарсы соғысты.
- Қасым Қайсенов, Сәтімбек Төлешов, Ғалым Омаров, Тоқтағали Жанкелдин, Әди Шәріпов, Ғалым Ахмедияров, Нұрым Сыдықов сынды батыр партизандармен қатар Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова есімді қазақ қыздары да жау әскеріне қарсы күресті.
- Тарихшылардың мәліметіне сәйкес, Франция, Бельгия, Италия аумағындағы партизан құрылымдары қатарында 180 қазақстандық болған.
- Қазақстандық тыл еңбеккерлері майданға 110 000-нан аса жылқы, жаудан азат етілген аудандарға саны 500 000-нан астам мал жіберді. Олар кеңес әскерін азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақ, оқ-дәрімен қамтамасыз етті.
- Қазақстан майданға 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 миллион 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн, 2,5 миллион дана жылы киім және басқа да өнімдерді жіберді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: e-history.kz,

Qazaqstan tarihy порталы, «edu.e-history.kz»).



КӨЗҚАРАС

Алмат ҚОДАСБАЕВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

Визасыз режимнің ұтымды тұстары көп



Қытай мен Қазақстан арасындағы визалық режимді жеңілдету, атап айтқанда, 30 күнтізбелік күнге дейін визасыз режимді енгізу мәселесі біраздан бері қоғамның қызу талқысына түсіп жатыр. Халықтың алаңдауы заңды. Өйткені, Қытай азаматтарының иммиграциясы ретсіздеу екені рас. Бірақ 2022 жылдан бастап қытай азаматтары үшін визасыз режим қолданыста. Дегенмен, халықтың ағыны айтарлықтай күшті деуге келмейді.

30 күнтізбелік күнге дейін визасыз режимді енгізудің еліміз үшін ұтымды тұстары көп. Туризм және жаппай кәсіпкерлік саласындағы еліміздің әлеуеті үшін үлкен мүмкіндік.

Сондай-ақ, Қытайда біздің қандастар да тұрады емес пе, оларға тарихи Отанына саяхат жасау, достары мен туыстарына келу оңайырақ болады. Зейнеткер қытайлықтар әлемдегі ең белсенді туристердің бірі, бұл Қазақстандағы туризмнің дамуына жағымды әсер етеді. Сонымен қатар, қандай да бір жағымсыз салдарлар туындаған кезде шарттың күшін жою мүмкіндігі әрқашан бар.

Қытай қашан да Қазақстанның маңызды экономикалық

серіктестерінің бірі болып қала береді және бұл екі елдің бизнесінің ынтымақтастығын дамытуға жақсы мүмкіндік. Біздің кәсіпкерлеріміздің мұндай үлкен нарықты пайдаланбауы ақылға қоныссыз болар еді деп санаймын.

Бұл жағдай біздің төлқұжатымыздың индексін арттырып, уақыт өте келе қазақстандықтар үшін визасыз елдер тізімінің өсу ықтималдығын арттыратыны да маңызды. Үшіншіден, көптеген рейстер ашылатындығын ескере отырып, тауарлар ассортименті кеңейеді: қандай да бір көрмеге бару, мысалы, жаңалықтарды жеткізу туралы шарт жасасу, жөнелтуді, тиеуді ұйымдастыру және бақылау жұмыстары жандана түседі.

ТУРНИР

БАЛУАНДАР БӘЙГЕСІ

Алматыда Жеңіс күніне орай самбодан халықаралық турнир өтіп жатыр

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Динамо» ДШСҚ ҚБ төрағасының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Асқар Омарқұлов пен Қоғаммен байланыс және БАҚ басқармасының басшысы Гүлайым Хайрулла айтты.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жеңіс күніне орайластырылған турнир әділет генерал-майоры Рүстем Қайдаровты еске алуға да арналып отыр. Самбо және жауынгерлік самбодан халықаралық турнир 5–7 мамыр аралығында Алматыда өтуде. Оған Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан спортшылары катысады.

«Турнирді ҚР ИМ, «Генералдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі және «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының орталық кеңесі, сондай-ақ самбо және жауынгерлік самбодан республикалық және Алматы қалалық федерациясы ұйымдастырды», – деді А.Омарқұлов.

Сондай-ақ, ол биылғы жарыстың ерекшелігі сол, турнир нәтижесі бойынша қатысушыларға спорт шебері атағы берілетінін атап өтті. Спикер маңызды оқиғалар қатарында «Динамо» қоғамының 2025 жылы өтетін 100 жылдық мерейтойын да айтты. «Динамо» қоғамында балалар спортына ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын мамырмаусым айларында «Динамо – Қазақстан балаларына» акциясы, бүкіл ел бойынша 10 мыңнан астам баланы қамтитын марафон өткізіледі. Мысалы, бұған дейін 1400-ден астам баланың басын қосқан Алматы марафоны бағдарламасында жүгіру, «Кім жылдам?» эстафетасы, дартс ойыны, кіші футбол, волейбол, арқан тарту, саптық дайындық және жекпе-жек бойынша жарыстар болды. Осындай іс-шараны биыл да өткізу жоспарлануда.

«Динамода» 6 мыңнан астам бала бар, олар ел бойынша 180-ге жуық секцияда жаттығады, секциялардың 117-сі тегін жұмыс істейді. Сонымен қатар, «Жас Динамо» қозғалысына еліміздің барлық өңірінде 30 мыңнан астам оқушы мен студенттер тартылған.

«Динамода» 36 олимпиадалық спорт түрінен шеберлер дайындайды, ұлттық құраманың шамамен 80%-ы қоғам мүшесі. Тәуелсіздік жылдарында қазақстандықтар жеңіп алған 81 олимпиада медалінің 68-і динамолықтардың қоржынында, оның ішінде 16 алтын, 19 күміс және 37 қола жүлде бар. Токио олимпиадасында жеңіп алынған 8 медальдің 7-еуі «Динамо» өкілдеріне тиесілі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Ak-SHAMY» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер бүгінде азайып барады. Алматыда небары 56 ардагер қалды. Біз өткен күндерімізді ұмытпауымыз керек. Сол үшін де көзі тірі ардагерлерді құрметтеуге, олардың ұлағатын тыңдауға, үлгі, сабақ алуға тиіспіз.



ҚҰРМЕТ ПЕН ІЛТИПАТ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматыда осыдан 12 жыл бұрын «ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері мен соғыс балалары кеңесі» қоғамдық қоры құрылған болатын. Қор өкілдері Жеңіс күні қарсаңында қоғамда белсенді, көпті көрген ардагерлерді шақырып, баспасөз конференциясын ұйымдастырды. Аяулы әжелер бізбен өткен күндерімен, әсерлі әңгімелерімен бөлісті.

Асма ЖЕТПІСБАЕВА,
ҰОС ардагеріне теңестірілген тыл еңбеккері, 95 жаста:

СОҒЫС МЕНІ ТЫМ ЕРТЕ ЕСЕЙТТІ...

Соғыс басталған жылы біз отбасында бесеу едік: әкем, анам, әкемнің ағасы, әпкем және мен. Ағам 1940 жылы 18-ге толып, әскерге шақырылды. Ол Белоруссияның Германиямен шекаралас жатқан қаласына түседі. 1941 жылы мамырда біз оның соңғы хатын алдық. Соғыстың бірінші күні-ақ онымен бірге Семей қаласынан аттанғандардың бәрі қаза тапты.

Соғыс біткен кезде ағамның дерегін білмекке қаруластарын іздедім, бірақ еш мәлімет таппадым. 1941 жылы күзде 33 жасында анам көз жұмды, жүрегі ауыратын. 1942 жылы майданға әкем шақырылды. Әпкем екеуіміз қол ұстасып «шақыру пунктіне» барғанымыз есімде. Бірақ бізді үлкендер әрі қарай жібермеді. Әкемнің майданға қашан аттанатынын сұрадық. Бізді баласынды ма, жауап берген ешкім болмады. Ал әпкем екеуіміз сол бойы үйге қайтпастан, қоршаудың артында үш күн отырдық, кезек-кезек ұйықтап аламыз. Үш күннен кейін әкемді майданға әке-

тетін болды. Әлі есімде, әпкем екеуіміз әкемнің екі жағында, екі қолынан тас қылып ұстап алғанбыз, вокзалға келе жатырмыз. Бір-бірімізді қимай қоштастық. Бала жүрек, әрине, ауырды. Соғысқа кеткен әкемнен бар-жоғы үш хат алдық. Алғашқы екеуін пойызда отырып жазған екен, ал соңғысын Сталинградтан жолдады. Сөйтіп, қан майданда мерт болды. Мен ол кезде 12-де, әпкем 16 жаста болатын. Екеуіміз де сабақты тастап, мен құю цехына, ал әпкем тігін фабрикасына жұмысқа шықтық.

Өкінішке орай, 1943 жылдың қаңтарында қатты суықтап қалған әпкем қайтыс болып, жалғыз қалдым. Соғыс мені тым ерте есейтті. Жұбанышты еңбектен таптым. Отан үшін аянбай жұмыс істедім. Отыз шақырымдық жердегі қарағайлы алқапқа жіберетін бізді. Себебі, ауылда еркек кіндікті қалмаған. Бар салмақ балаларға, әйел-аналарға түскен. Қарағайлы алқапта астық егілетін. Оған жалғыз барған кездерім де көп болды. Мүлгіген қалың қарағайлар ішінде жападан-жалғыз келе жатқанда бойыңды үрей билеген сәттерді ұмыту мүмкін емес. Ол жақтан ат арбамен бидай тасушы едім. Бидай Семейге, дүрменге жөнелтілетін. Бәрі – майдан үшін! Біз соғысты осылай өткергенбіз.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ҚАРИЯЛАР
азайып бара жатыр

Биыл Ұлы Жеңіске – 78 жыл. Бірақ сұрапыл соғысты көзімен көріп, кеудесін оққа тосқан қаһармандардың көбі кетіп, азы қалды. Сондықтан Отан үшін от кешкен жауынгер ұрпаққа құрмет көрсетіп, ерлігін мадақтау біз үшін үлкен міндет. Жеңіс күні қарсаңында Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызына хабарласып, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде әңгімелеген еді.

Рая
ЕСКЕНДІР

– Ардагерлеріміздің қатары жыл санап сиреп барады. Ауданымызда бүгінгі таңда бір ғана Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Кудин қалды. Қазір аудан көлемінде 681 тыл ардагері мен 21879 зейнеткер тұрып жатыр. Күні кеше ғана Филипп Губанов деген ақсақалымыз өмірден өтіп кетті. Ол кісі Жеңіс мерекесін соншалықты күткен еді. Хабарласып, хал сұрасқан сайын өмірге құштарлығы байқалатын. Бірақ биыл өзі сезді ме, Жеңіс күнін көрсем деп қалды.

Өткен, 103-ке келген қария осыдан аз ғана уақыт бұрын өмірден өтті. Мен үшін қарияларымыздың бәрі қаһарман. Олар бүкіл жас өмірін, күш-қайраттарын еліміздің өркендеуі үшін жұмсады. Сол соғыстың азабын тыл ардагерлері де әлі күнге тартып келе жатыр. Сондықтан арамызда қатары азайып бара жатқан ардагерлерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Дәл қазір аудан мектептерінде Жеңіс күніне арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Мәселен, «Ардагерлерді

ардақтайық!», «Жеңісті жақындатқандар», «Біз соғысты көрген жоқпыз!», «Ардақты атам, аяулы әжем», «Атам, әжем және мен», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Қарттыққа құрмет», тағы басқа ауқымды іс-шаралар өтті. Бұның өзі ұрпақ тәрбиелеудегі патриотизмнің үлкен мектебі дер едім, – дейді Тамара Мұхтарханқызы.

Биыл да Жетісу ауданының әкімшілігі Жеңіс күнін ерекше атап өтеді. Аудандағы «Ардагерлер, аман болыңыздар!» атты мерекелік іс-шараға қаламыздың басқа аудандарында тұрып жатқан ардагерлерді де шақырып, құрмет көрсетті. Бұл ретте ауданның көпбалалы аналары ерекше белсенділік танытты. Ардагерлерге арнап концерт қойып, ақ дастархан жайды. Дәл осы күні үлкен жәрмеңке өтті. «Бақытты отбасы» орталығының «Іскер аналары» жастық, көрпе, басқа да тұрмысқа қажетті қолдан тіккен бұйымдарын саудаға шығарды. Сондай-ақ, Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің екі хор ұжымы үлкен концерт қойып, соғыс жылдары әндерді шырқады. Бүгінгі бейбіт өмірді бейнелеген театрландырылған қойылым да мерекелік көңіл күй сыйлады.



СӨЙЛЕ, СУРЕТ!

Фототілші Болат ОМАРӘЛИЕВ:

СОҒЫС ЖЕСІРІ
жылағанда, мен де қоса жылаушы едім...

Елімізге белгілі фототілші Болат Омарәлиевті көп адам біледі. Қазақтың жақсы-жайсандарын, марғасқа тұлғаларын суреттерімен-ақ «сөйлетіп» жүрген ағамыздың жуырда Facebook бетіне жариялаған бір суретіне еріксіз назар аудардық. Суретте алып ескерткіштің алдында ойға батқан ақ жаулықты ананың бейнесі.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сол мұнды суреттің сырын білмекке фототілші Болат Омарәлиевтің өзіне хабарластық.

– Бұл суретті 1979 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылында түсірдім. Ескерткішке бір әйел тесіле қарап жылап тұр екен. Екі кадр түсіруге зорға үлгердім. Бір жағынан біреу жылап тұрса, мен оны суретке түсірсем, сырт көзге ыңғайсыз, ұят көрінеді екен. Мына көріністен толқымау мүмкін емес. Ол кезде соғыс жесірлерінің көбі тірі еді. Осы фото бастама болды ма, білмедім,

«Соғыс жесірлері» деген атпен екі жылдай жесірлер өмірінен көп сурет алдым. Жесірлер жыласа, менің де қосыла жылаған сәттерім болды. Ондай жерде шыдау мүмкін емес. 1983 жылы Мәскеуде Қазақстан фотоөнер шеберлерінің көрмесі өтті. Осы сурет сол көрмеге қатысты, – дейді Болат Омарәлиев.

Суретке тарих болып басылып қалған ақ жаулықты ана соғысқа кетіп, хат-хабарсыз кеткен аяулы жарын есіне алып тұрған болар. Қалай болғанда да, бұл сурет өткен күндердің бір белгісі. Өшіруге болмайды санадан, қайта жаңғыртып тұруымыз қажет. Бүгінгі бейбіт заманның қалай келгенін жас ұрпақ білуге, ұмытпауға тиіс.

ЛЕБІЗ


МАЙДАНГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Вайнах» Шешен этно-мәдени орталығының төрағасы Ұлы отан соғысының ардагері Николай Иванович Чижмнің шаңырағында болып, Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Николай Иванович 1926 жылдың 10 желтоқсанында Пресновск ауданының Петровка селосында дүниеге келген. 1943 жылы 16 жастағы бозбала Солтүстік Қазақстан облысының аудандық әскери бөлімінен шақырту алып, көп ұзамай майданға аттанады. Әскерге

шақырылған барлық бозбала Петропавловск станциясына жиналып, Смоленск облысына қарасты Семлево станциясына жөнелтіледі. Қазақстаннан келген полкті станциядан бірден орманға жібереді. Бір тәуліктен кейін оларды 348-ші Бобруйск дивизиясының 2-ші батальоны қарамағына береді. Николай Ивановичті зенитті-артиллеристер командир етіп тағайындайды. 348-ші дивизия құ-



рамында Белоруссия мен Польшаны азат етуге қатысады. 1945 жылдың 3 мамырында Магдебург қалашығы Эльба өзеніндегі соғыстан шығып, Жеңісті қарсы алды.